

Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы
Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы

Ақын мәртебесі-ел мерейі

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері, ақын Ж.Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толуына орай еске алу шарасы аясында өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары
1 қазан 2010 жыл

Орал - 2010

Ақын мәртебесі- ел мерейі: Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері, ақын Ж.Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толуына орай еске алу шарасы аясында өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Орал,2010.- б

Қолыңыздағы жинақ Жұбантануға қосылған тағы бір еңбек. Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығы туралы бұған дейінде бірнеше еңбектер жазылып, пікірлер айтылды. Ал біз ақынды еске алу шаралары аясында өткізілген конференция материалдарын жинақтап, оның адами қасиетке толы жырлары мен ұлттық рух, патриоттық тәрбие беретін қасиеттері туралы пікірлердің басын қосып кейінгі ұрпақ үшін қызмет етсе деген үмітпен ұсынып отырмыз. Жинақ ізденгіш жастарға, ынталы жас ғалымдарға, мектеп мұғалімдеріне арналған.

Құрастырған: С.К.Кенжебаева
Редактор: Р.Ж.Исатаева

Құрастырушыдан

Халқымыздың сан ғасырлық талайлы тағдырының трагедиялық түйінін «Мен-қазақпын» деп бар-жоғы екі жолға сыйғызып айта алған ақын аз. Сол аздың бірі-ұлтымыздың ұятына айналған азамат ақын Жұбан Молдағалиев.

Жайық өңірінде өз жұрты мен аймағының құрметіне бөленген ақын-жазушыларымыз аз емес. Елдің абыройы мен қадір-қасиетін көтеретін де солар. Солардың арасында шоқтығы биік жырларымен қатар, азаматтығы мен қайраткерлігі қатар жүрген Жұбан Молдағалиевтың туғанына қазан айында 90 жыл толды. Ақынды еске алу аясында көптеген шаралар өткізілді. Оның туған жері Ақжайық елінде ескерткіш орнатылып, ақын рухына арналған кітап басылымдары жарыққа шығып, ұрпақтары оның жырын күн сайын мәнерлеп оқып, оның жолын қуған жас ақындар ақын рухына өз өлеңдерін арнап жатса, ақынның 80 жылдығына арналған еске алу шараларында атын алған облыстық кітапхана мен облыстық мәдениет басқармасы Жұбан шығармашылығын зерттеу мен насихаттауға арналған «Ақын мәртебесі-ел мерейі» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырып өткізді.

Конференция жұмысына ақынның жары София Мәлікқызы балалары Қуандық-Сағадат, және Азамат-Айгүл облыс әкімінің орынбасары Серік Кенжебекұлы Сүлеймен, Қазақстан Республикасы кітапханалар қауымдастығының төрайымы, тарих ғылымының кандидаты Роза Аманғалиқызы Бердіғалиева, Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының қызметкерлері, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің төрайымы Ақұштап Бақтыгереева, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғалымдары Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов, Азамат Ыбырайұлы Мамыров, Рита Бекжанқызы Сұлтанғалиева, Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдары Тлекжан Хасенұлы Рысқалиев, Абат Сатыбалдыұлы Қыдыршаев, Жұбан ағамыздың замандастары республикалық дәрежедегі зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагері, облыс әкімінің кеңесшісі Бисен Жұмағалиев, өлкетанушы, Жұбан Молдағалиев туралы жақында жарыққа шыққан «Жұбан: Мен-қазақпын, биікпін, ерікті ұлмын» кітабының авторы Жайсаң Ақбай және басқада ел ағалары, облыс, қала мекемелерінің басшылары, ақын-жазушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушілері, аудандық кітапхана директорлары, жоғары және арнаулы оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, қала орталығындағы кітапхана қызметкерлері қатысты.

Ұсынылып отырған басылымға осы конференцияда жасалған баяндамалар және «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Ж.Молдағалиевтің «Мен-қазақпын» поэмасын оқуға байланысты облыс кітапханаларында өткізілген шаралардың қортындысы жинақталып беріліп отыр.

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

С.К.Сүлеймен
облыс әкімінің орынбасары

Құрметті конференцияға қатысушылар!
Қадірлі қонақтар!

Жайық елі қазаққа Исатай мен Махамбетті, Құрманғазы мен Динаны, Мәншүк пен Әлияны, Роза Жаманова мен Хадиша Бөкееваны, атақты суретші Сәкен Ғұмарды, ақындарымыз Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Тайыр Жароков, Сағынғали Сейітов, Қайрат Жұмағалиев, Ақұштап Бақтыгерееваны сыйлаған қасиетті өлке.

Кешегі кеңестік идеологияның жалын атып тұрған кезінде: *Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген*, - деп тұтас бір ұлттың атынан әнұранға пара-пар поэма жазып, қазақ поэзиясын әлемдік деңгейге көтерген, ақындығымен, азаматтығымен, қайсарлығымен талайды тәнті еткен, көзінің тірісінде - ақ қазақ өлеңінің жыр-дариясы атанған Жұбан Молдағалиев бүгінде тірі болса 90 жасқа толар еді.

Жұбан аға өзі аңсаған Қазақстанның тәуелсіз ел болғанын, еркіндікке қолы жеткенін көре алмай кетті.

Қазір міне көк байрағымыз желбіреп, ән ұранымыз асқақ шырқалуда. Осындай тәуелсіз ел болуға талпынған тұста сонау 1986 жылы халқының ары мен абыройы үшін бастарын тігіп, тоталитарлық тар бұғауға қарсы шыққан қазақ жастарының арын қорғап, ақиқат сөзін тапжылмастан тура айтқанда Жұбан ағамыз болатын.

«Ақынның сөзі өлмейді» деген ұғым өте орынды айтылған. Жұбан аға жырларынан әрдайым қуат алған халық ақын атын мақтан етуде, ел-жұрты Жұбанның «Мен қазақпын» деген батыл сөзін егемендік жағдайымызда жете ұқты. Халқының арманын, ұлылығын бір ауыз сөзге сыйдырған ақынды барша қауым әркез қадірлеп, құрметтейді.

Кіндік қаны тамған жері –Жайық өңірі Жұбан ақынды үнемі қастерлеп, оның шығармаларын жас ұрпаққа жеткізу мақсатында көптеген шаралар атқарып келеді. Міне, бүгінгі шара соның заңды жалғасы десек қателеспейміз.

Сіздерді Батыс Қазақстан облысының әкімі Бақтықожа Салахатдинұлы Измұхамбетовтың атынан халқымыздың біртуар ұлы ақыны, Қазақстан халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығына арналған «Ақын мәртебесі-ел мерейі» тақырыбындағы ғылыми-іс-тәжірибелік конференцияның ашылуымен құттықтаймын.

Баршаңызға Жұбандай ұлы ақынды дүниеге әкелген қасиетті Жайық жеріне қош келдіңіздер деп, конференция жұмысына сәттілік тілеймін

АДАМЗАТТЫҢ ЖҰБАНЫ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ЖЫРШЫСЫ

С.Ғ. Шарабасов

**филология ғылымының кандидаты ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің профессоры**

...Өзі әділетсіз қоғамда әділ болу, тіптен,
мүмкін емес. Соған қарамай, Жұбаған
әл-қауқарынша әділ болып, бәрін де
дұрыс шешуге әрекеттенді.

Қадыр Мырза Әли

«Ақынтану» деген біртоға әдеби терминге айналды. Жұбан ағаны тану үшін қыр мен судың қасиетін тану керек. Ұлы Жайық теңізге барар жолда екі мың жерді құнарландырып келеді де, Тайпақ деген қырға барын төгеді. Ұлы Жайық өзімен бірге Қалдығайты, Бұлдырты, Өлеңті деген өзендермен байып отырған. Сонау Жыланды, Мыңшұқыр деген жерінде туып-өскен. Жері байдың, жаны бай болады. Жұбағанның руы әйгілі Байұлының Байбақтысы, одан бергісі өзі жырлағандай Құл бұтақшасы. Әкесі Молдағали Атыраудан балық аулап напақасын ажыратқан, кейін сүзек індетінен қайтыс болған. «Жесір тағдыры» поэмасы – жұбантанудың қайнар бастауы.

Жұбанды адамдық, қаламгерлік биікке көтерген Зеріп шешей (аналарды біздің жақта осылай атайды). Зер заманда да, кер заманда да қатарынан озғын болған анамыз балаларын таза қазақы тәрбиемен ұядан ұшырған. Жұбаған 1940 жылдан 1947 жылға дейін Совет армиясы қатарында болған. Қатардағы жауынгер емес, төртжұлдызды капитан. Соғыс, сұрапыл ұрыс, қасіретке белшесінен батқан елдер мен жерлерді көріп есейген. Орыс, беларусь, неміс жерлерінің сұлулары сұқтанған. Бірақ ешкімді ілестірмей соқабасы оралады. Зеріп шешей көп қызды таңдап, соның ішінен София деген сұлуды Жұбанға ұсынады. Бұл – әйгілі Қазақстанның Жоғары Кеңесінің төрағасы Сейітқали Меңдешевтің жиені еді. Зеріп шешей Софияның анасы Тамара, әжесі Разия «халық жауы» жанұясы екенін білген. Қан тазалығын, жан мөлдірлігін табиғи түсінетін анамыз тағдыр тепірішіне пысқырып та қарамаған.

Егер академик Қажым Жұмалиевтің «Жайсаң жандар» естелік-өнегелі кітабын оқысаңыз, Сейітқали Меңдешев Орынборға білім іздеп келген Қажым секілді талантты балаларды оқуға орналастырып, ал Разия апай 20-жылдары жетісіне бір рет ашық есік күнін жариялап, жетім-жесір, аштар мен қасіреттілерге тегін тағам, ескі киімдер таратыпты.

Жұбан Молдағалиев алғашқы білімді Оралдан алған. Оралдың орысы орман болғанмен, 30-жылдары оқуға ұмтылған қазақтың талантты жастары көп болған. Ол кезде Оралдың мәдени ұйытқысы – Александр Сергеевич Пушкин атындағы педагогика институты еді. Бұл республикадағы екінші жоғары оқу орны. Қыз да осында, қызық та осында, ғылым мен тағылым да осында еді. Әсіресе, мәдени-әдеби ортаның күшті генераторы – болашақ жұлдызды ғалым Қажым (Қажығали) Жұмалиев бар-ды. Өзі ақын-зерттеуші, прозаик Қажекең кіл ығай да сығай Қасым Аманжолов, Хамит Ерғалиев, Жәрдем Тілеков, Батыр Қыдыраниязов, Қуан Гастайбеков секілді таланттарды тәрбиелеген. Әрине, Жұбан ақынға Қажым ағаның нұры жұқты деп айта аламыз.

Қазақтың жойқын ақыны Хамит Ерғалиев бір көңілді шағында: «Оралдың жігітінің бәрі Ғали, Бәрінен артық маған Сағынғали» деп шалқыған. Маған салсаң, «ақындардың алды да – Жұбан, соңы да – Жұбан» десем, көп жақсы аға мен апа қол беруден қалар...

Халқым, біз бір ғажап мыңжылдықтар дәуірінде өмір сүріп отырмыз. София апам бастаған көнекөздер 3 дәуірді өткізсе, тіпті, мына менің өзім екі ғасырдың куәсімін. Көнелер дүркіреген бұлғақтар, ұлт-азаттық көтерілісі, революция, «күндей күркіреген» соғысты бастан кешірсе, бізге бұйырғаны «таң біліне тракторге, біір қарындас отырды, жыланбауыр, сүйегі ауыр, алып «Наты» жосылды» деген тың, космос, Хрущев «коммунизмі», Брежневтің «нан болса, ән болады» заманы, ақыры селдеткен, қандатқан желтоқсан тәуелсіздігі болды. Енді демімізді бір алып алып, шашылып қалған құндылықтарымызды түгендеп көрсек қайтеді?

Әлемдік әдебиет тәжірибесінде бір-бірімен салыстыруға келмейтін, салмағы мен артықшылығы өзге құндылықтармен безбенделмейтін суреткерлер болады. Сол санаулылардың, сол ардақтылардың бірі – ақын Жұбан, Жұбан аға.

1979 жылы қазан айында «Махамбет ізімен» атты жоба негізінде Ақ Жайыққа қазақтың Қабдоловы келді. Экспедиция Жұбан елі үстімен, Жаңақала, Хан ордасына беттеді. Жол ұзақ, әңгіме көп. А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың ректоры Есенбай Ағелеуов «Аға, осы жазушылардың біз біле бермейтін, тек өздері атайтын лақап есімдері бар көрінеді, әңгімелей отырсаңызшы»-деп өтінісін. Өте көңілді, жайдары Зекең көсіліп берсін... Алып Жамбыл оның қосқан аты Ғали Орманов пен Тайыр Жароков, Әбдіжамил қара шал мен сары шал, арқыраған Тақанды (Тахауи) түгесіп «Жұбан аға ше?» дегенде Зекең мүдірді. Бір әдемі жөткірініп алды да: әлгі әйгілі партизан Қайсенов, қызып қалған Қасымды (Аманжоловты) арқасына салып алып: «Алды бар да, арты жоқ, сорлым-ай» деп әндетеді екен. Жұбан ағаларың үстіне қылау түсірмеген, алды-арты таза, Абай айтқандай «толық» адам еді. Оны айтасыз-ау, жалпы, жазушылар ішінде адамдық пен адалдықтың өлшемі – ақжайықтық ақын Жұбан. Менің қосарым, Жұбан ағаларың құлкеуде емес, нұркеуде сабаз еді ғой. Нұркеуде,а?! Қабдоловтың әр сөзі гауһарға бергісіз асыл ғой, ал маған «адамдық пен адалдық» деген жолдар ұнады да, Жұбағаң шығармаларын ақтардым. Таусылып барып, таптым:

Әлдекімдер жүрегі сіркеленген,
Ұлт атына уларын бүрке берген.
Көргенсіздік, пасықтық, надандығын
«Қазақшылық» дегенмен бүркелеген.
Жо, жоқ, маған ондайды жапсырмасын,
Еңкеймейді ездікке тақсыр басым
Жаным ада қараңғы қалтарыстан,
Менен тапсын адалдық, ақ сырласын!

Соңғы кезеңде Жұбан шығармашылығы хақында көп жарияланымдар бой көрсетті. Өзіме (субъективті) Сағынғали Сейітовтің «Жұмыр жыр шымыр шабыттан туады» («Жазушы» баспасы, Алматы-1975), Өтеген Оралбайұлының «Жолға шықты жүрегім» («Балауса» баспасы, Алматы-1993. «Орал өңірі» газетінде толық нұсқасы жарияланды), Ғафу Қайырбековтің «Алыс та жақын жағалау» («Білім» баспасы, Алматы-2006), ақын Қайрат Жұмағалиевтің «Үш ерлік» («Егемен Қазақстан», 10 қыркүйек, 2010ж.) зерттеу мақалалары ұнады. Әлі де талай талдау, талай кітаптар дүниеге келеді ғой. Уақыт көрсетер.

Жұбан ақынның тақырып таңдауы көп зерттеушілерді таң қалдырды. Әдебиет теориясында суреткер тақырыпты көп іздейді, сарсылады, шаншылады, қысқасы азабы өлшеусіз. Сырт қараған адамға Жұбан ақын тақырып таңдамайтын суреткер. Біздіңше, Жұбан ақын халыққа зәру, ұлтқа керек, қалың оқырман сүйетін тақырыптарды игеруге ұмтылатын секілді. Өткенде нағыз жазушы ғұмырын кешкен Ақселеу Сейдімбеков тәмсілін естіп аң-таң қалдық. Халқымыздың сері суреткері айтады: «Мен саған бір ақыл айтайын. Осы көркем шығарма дегенің бос сөздің желқабызы екен. Мен қойдым, сен де

кой! Халыққа түк пайдасы жоқ!» Бұл бір сұмдық үкім. Біздің қазақ жазушылары қазір, құдайға шүкір 800 адам, Ақселеуді тыңдаса – 80-і қалар еді-ау. Бірақ, өлермен халықпыз ғой, «Құла тасқынның» арығын кеңейте түспейміз бе?!

Жұбан ағаның «Айттым сәлем» поэмасы ХХ ғасырда түзелмеген халықтың ХХІ ғасырдағы таза ұрпақтарына арнаған сәлемі. Бұл ұлы Абайдың махаббат назы емес, Жұбан ағаның өзі «Мен – қазақпын» деген халқының ұл-қызына деген көсемдік сәлемі. Енді ойлана бер...

Жұбан ақынның ең таңдаулы шығармалары – «Жесір тағдыры», «Мен - қазақпын», «Сел», «Байқоңыр баспалдақтары» тағы басқа қомақты дүниелері сюжетсіз, хронологиялық жағынан шашыраңқы, ірі оқиғаларды селдете жырлау болып көрінеді. Ал жүрекпен, тылсым тереңдікпен қарай алсаңыз, сүйекті шығармаларының бәрінде бірегей образ, идеялық-тақырыптық мызғымас тұтастық – халық образы тұрады. Бүкіл шығармаларының бұлақ-бастаушалары «мен қазақпын», «біз қазақ еліміз», «біз, Қазақстан державасымыз» деген ұлы ұғымдар атойлады. Халық образында «мың өліп, мың тірілген» сақ, ғұн, түркі халқы тағдыры, қисапсыз шүршіт, қалмақ, неміс соғыстары зардаптары, қазақ төзімділігі, қазақ дархандығы, қазақ қабілеті, қазақ еңбекқорлығы Алматының ақ жаңбырындай жауады. Жұбан ақын жалпы жырласа да, жалқы этнос, жалқы ұлт, жалқы отан образы саралана береді. Жұбан ақынның өзім сезінген бір ерекшелігі осы ма екен? Мұны түсіну үшін лұғат ләзім-дүр.

Жұбантануды ең бірінші қолға алған Орал педагогика институты еді. Күнінде академик Қ.Жұмалиев атындағы әдеби бірлестік қазан айында дәстүрлі «Жұбан оқуларын» ұйымдастырып тұрды. Әр жыл сайын Жұбан аға туралы замандастары Жайсан Ақбай, Ғазиз Хаймулдин, Тобанияз Табылдиев, профессор Мәтжан Тілеужанов, мұғалім Үзілдік Елеубаева, журналистер Базарғали Қуатов, Тихон Әліпқалиев тағы басқалар қызықты, ғылыми-танымдық әңгімелер айтатын. Кейін облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана Жұбан Молдағалиев есімін алды да, біз қосыла шаппай тізгін тежедік. Бірақ Жұбан жылы біздің Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-ұстаздары және студенттерінің қатысуынсыз өтіп көрген жоқ.

Зейнолла Мүтитегі деген бір данышпан Фариза ақын феноменін зерттеуінде, Талап Таймасұлы, Жанғали ақын көркемдігін түгескен диссертациясында Орал өңірі ақындарына Жұбан әсері көрініс тапса, сиясы енді кепкен жас ғалым Гүлшара Бисенованың зерттеуінде Жұбан поэмаларының ерекшелігі егжей-тегжейлі әңгіме болды. Студенттік курстық, диплом жұмыстары да бір төбе. Адамдық пен адалдықтың өлшемі Жұбан аға университет ұландарының жүрегінде, әр ісінде, керек десеніз, болашағында!

ОҚИТЫН ЕЛ – ОЗЫҚ ЕЛ

М.Б.Валиулина
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
Ғылыми талдау орталығының жетекшісі

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Мәдениет атты ғажайып феноменнің жасампаздық рөлі бойынша адамзат тарихының қазіргі информациялық қоғам құру фазасында ақпарат алу мен тарату, оқу және білім көкжиегін кеңейту мәселелері ерекше мәнге ие болып отырғаны әмбеге аян. Оқу феномені – адамзат ойлап тапқан ең ғажайып құбылыстардың бірі. Адамның өзін-өзі сапалық жетілдіруінің бұдан асқан пәрменді және қарапайым құралы жоқ. VI -

VIII ғасырларда тасқа қашалған түркі жазулары да оқуға арналған әр алуан ақпарат пен тарихи баяндар осының айғағы.

Адамзаттың ғасырлар бойы жинаған білім-ғылымын игеру оқу арқылы келетіні мәлім. Оқу процесі адам өмірінің барлық кезеңін, яғни балалық, жастық, қарттық шақтарды түгел қамтиды. Оқу арқылы адам өзін интеллектуалдық тұрғыдан дамытады. Өркендеу мен өрлеудің қазіргі заманауи талаптары да оқу феноменінің қадірін асырмаса, кемітпесі хақ. Жоғары технологиялар заманының адамға да, қоғамға да, мемлекетке де қояр басты шарттарының бірі - білім мен ақпаратты барынша кең пайдалана білу. Сауатсыздықтың кез келген түрі, ақпаратты игеру және талдап, пайдаланудағы кемшіліктер тиісінше теріс әлеуметтік және экономикалық зардаптарға ұшыратады. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, халықтың жоғары дәрежеде сауатты болуы ел экономикасының дамуына, адамдардың өмір сүру сапасын көтеріп, білім, ғылым және мәдениеттің жедел дамуына әсер етеді. Одан әрі нақтылай түссек - кітап мәртебесін көтеру, ең озық кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, жалпы оқуға қолдау көрсету Ұлттық парасат деңгейін жоғарылатудың бірден бір кепілі болып табылады.

Осы тұрғыдан қарасақ, заманауи кітапхана оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір болып табылып отыр. Біріншіден, осы заманғы ақпарат тасымалдаушы технология жүйесінде де кітапхананың кітапхананың атқаратын маңызы зор.

Екіншіден – кітапханаларда оқу феноменін тиімді пайдалану мен дамытудың сан ғасырлар бойы қалыптасқан бай тәжірибесі сақталған. Олар кітаптарда жинақталған адамзат жадының, ұлт жадының алтын қоры, ал кітапханашылар – сол теңдессіз қазынаның шырақшылары ретінде де қызмет атқаруда.

Үшіншіден – бүгінгі кітапхана ұжымдары өздерінің дәстүрлі болмысына табан тірей тұрып, осы заманға сай информациялық қоғамның тірек элементтеріне айналуға ұмтылған әлеуетті күшті әлеуметтік топқа айналуға.

Осындай сипатты Қазақстан аумағындағы кез келген кітапханадан көруге болады. Қазіргі кітапханалар қоғамдағы білімге, оқуға, ойлауға, мәдениет пен ақпаратқа қол жетілімін, оқу мәдениетін арттыру арқылы адамзаттың ілгері дамуына бағытталған «Бір ел-бір кітап» акциясын өткізетін маңызды орталыққа айналуға.

Бұл жобаның 2007 жылғы халықаралық оқу конгресінде жария етілгеннен бастап, акцияны өткізу бастамасын негізін салушы - Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы қолдауымен 4 жыл бойы республика көлемінде өз деңгейінде өткізіліп келеді.

Қазақстан жеріндегі жалпы ұлт болып оқитын кітапты таңдау жұмысы қарапайым тұрғындардан, ұйымдар мен мекемелерден сауалдама қою арқылы анықталды. Республиканың әр бір аймағынан ұсыныстар түсті. Осы ұсыныстар бойынша «Бір ел-бір кітап» акциясының ұйымдастыру комитетінің мүшелерімен төрайымы халық ақыны Ф.Оңғарсынова оқырмандардың пікірін ескере отырып Абайдың «Қара сөзі» жалпы халықтың оқуға таңдалған болатын.

Акция Абайды оқығысы, «Қара сөздердің» даналығын бойына сіңіргісі келетін мыңдаған қазақстандықтарды біріктірді, іс-шаралар облыстық, аудандық, ауылдық кітапханаларда, білім беру мекемелерінде, кәсіпорындар және әскери бөлімдерде өтті. Ұжымдасып оқу, кітапты талдау адамдардың өз өмірі, өмір сүріп жатқан әлем туралы толғануға мәжбүр етті. Кітап пен оқуды әйгілеу түрі ретінде «Бір ел-бір кітап» акциясы өз өміршеңдігі мен қажеттілігін дәлелдеп берді. Республика бойынша барлығы үш жүзден астам іс-шаралар өткізілді.

2008 жылы жалпы оқуға М.О.Әуезовтің «Қилы заман» повесі таңдалынды. Бұл - бір жағынан өзіндік бедерімен, құрылысымен, ерекшеленетін, дала табиғатын және халықтың тұрмыс тіршілігін көрсететін, екінші жағынан – Қазақстанның қилы тартысты тарихы – 1916 жылдағы қазақ даласындағы көтерілісті суреттейтін жоғары көркемдік шығарма. Повесть оқырмандарды әлеуметтік қақтығыстардың өткірлігі мен кернеулігімен қызықтырды.

Акцияның ұйымдастыру комитетінің кезекті мәжілісі 2009 жылдағы жалпы ұлттық оқу кітабына Мағжан Жұмабаевтың лирикалық шығармаларына, соның ішінде әйелге, анаға деген жүрекжарды махаббатқа арналған өлеңдерге толы «Сен сұлу» кітабын белгіледі. Қазақ әдебиетінің XX ғасыр бойындағы жарқын жұлдыздарының бірі Мағжан Жұмабаевтың терең ой, сұлу суретке толы лирикалық шығармалары бойынша өткізілген «Бір ел-бір кітап» акциясы кітапхана оқырмандарының, әсіресе жас өскелең буынның лирикалық сырға, ой-қиялға, өршілдікке, елжандылыққа жетелеп, ақынның өмір-болмысынан жаңа лепті білімге сусындап, ұшқыр да терең сезімге толы шығармашылығынан өрбіген терең тағлымының ұрпақтан ұрпаққа жалғаса түсуін және поэзияны оқу адам жанын жасартып, жандандыра түсетінін айқындады.

Ал, биылғы 2010 жылы жалпы ұлттық оқу таңдауы Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасын көздеді.

Бұған дейінгі өткізілген акциялардан биылғы акцияның ерекшелігі ақын Ж.Молдағалиевтың 90 жылдығына орай, оның өмірі мен шығармашылығы арқылы қазақстандықтардың ұлттық намысын қайрап, асқақ рухпен еліміздің әрі қарай гүлдену жолында күш-қайратын жани түсті. Бүгінде мемлекетіміздің тәуелсіздік алғанына жиырма жылға жуық уақыт өтсе де, бұл поэма өзінің маңызын жоғалтқан жоқ, қайта күн өткен сайын жастарымыздың бойындағы өз елі мен халқына деген сүйіспеншілікті арттыра түсіп, азаматтық қоғамды қалыптастырудағы рөлі жарқырай түсті.

Қазақстан кітапханаларында кезекті акция бойынша жаппай оқу жұмысы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында баспасөз конференциясының өткізілуінен бастау алды.

Конференцияға Астана қаласындағы колледждер, жоғары оқу орындарының студенттері мен «Дарын» мектеп – интернаттың оқушылары «Мен қазақпын» поэмасынан үзінділер оқыды. Қатысушылар мен кітапханашылар бұл поэманың жастарға патриоттық тәрбие берудегі ролін, қазақ әдебиетін оқудағы осы акцияның маңызын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, облыстар мен аудандар кітапханалардағы өткізілетін шаралар туралы ақпараттар таратылды.

Еліміздегі Бұқаралық ақпарат құралдары арнайы «Бір ел – бір кітап» рубрикасын ашу жөнінде және осы поэма жазылған дискілер шығару қажеттігі жөнінде ұсыныстар айтылды. Акцияға орай «Мен қазақпын» атты көрме ашылды.

22 қыркүйекте ҚР ҰАК Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақпын» поэмасы мен өлеңдері оқылатын поэтикалық марафон өтті. Марафонды кітапханашылар бастап, одан соң оны «Нұр Отан» Халық демократиялық партиясының жанындағы Астана филиалының «Жас Отан» жастар қанатынан, Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы музей жанындағы «Жас талап» поэтикалық жастар клубы жалғастырды.

Оқу мерекесіне қосылу үшін кітапхана оқырмандары, қала қонақтары және өздері қалағандардың бәрі мүмкіндік алды. Осылайша еліміздің бас қаласындағы бас кітапханасының мамандары Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығымен қала тұрғындарын таныстырды.

Мүмкіндігі шектеулі жандар арасында Брайл жүйесі бойынша жазу және оқу байқауы, Ж. Молдағалиев шығармашылығы бойынша ағылшын тілінде эссе жазу байқауы, «Мен қазақпын» шығармашылығы бойынша әдеби композиция, «Жұбан жыры: Рух пен бірлік жаршысы» атты дөңгелек үстел өткізілді. «Жырымен ой тебіrentкен ұрпағына» тақырыбында виртуальді көрме ұсынылды.

Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасының мәні мен мазмұнын және осы шығарманың қоғам мен автордың өмірінде алатын ролін ашу үшін Мәдениет министрлігінің кітапханалар жүйесінде 700-ден артық шаралар, кездесулер, әңгімелер, «дөңгелек үстелдер», оқу марафоны, көрмелер өткізілуде. Интернет пайдаланушылардың мүддесіне қарай, виртуальді көрме ұйымдастырылды. Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстық әмбебап ғылыми кітапханаларындағы әріптестеріміз ерекше белсенділік танытып отыр. Ал С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапханасы

«Жұбан Молдағалиев. Мен қазақпын» электронды басылымын құрастырып, оны оқырман қауымға таныстырды.

Біз, осылайша қоғамды оқуға тартумен қатар, олардың қазақ әдебиетіне атап айтсақ, классикаға, қазіргі әдебиет пен поэзияға деген сүйіспеншілігін оята отырып, «Бір ел - бір кітап» акциясының өміршеңдігі мен қажеттілігіне көз жеткізудеміз.

Ғұндардың ғұрпын ұстанып, сақтардың салтын сақтаған бабаларымыздың көзіндей болып кешегі кеңес заманында ел рухын қайта оятқан ардақты ақынымыз Жұбан Молдағалиев:

«Өлен қалсын ұрпаққа, өнер қалсын,

Ата мирас мәңгілік дүние боп» - деген өнер әлемін өзгеше қорғап сөйлеген сөздерін қаперімізде ұстап, кітап пен оны оқу әлемін өз биігіне көтеру жолындағы ұлы мақсатымыздың жемісін көре берейік.

Құрметті конференцияға қатысушылар!

«Бір ел-бір кітап» акциясының мақсаты – қазақ әдебиетінің жауһар шығармаларын насихаттау, қаламгер мен оқырманды, оқырман мен кітапханашының арасын жақындату, жастарды ұлттық тәрбиеге балу жалпы халықты оқуға тарту икені бәрімізге мәлім.

Оқу – адамзатты рухани азудан құтқарып, мәдени құлдыраудан алып шығатын жалғыз жол.

Оқу акциясы – қоғамдағы кітаптың қызметін көрсететін барометрі.

Олай болса, ортақтаса оқуда озат болайық «Оқитын ел – озық ел» екенін уақыт өзі дәлелдеп отыр.

Тыңдағандарыңызға рахмет!

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИІРІМДЕР

Т. Х. Рысқалиев
философия ғылымының докторы,
Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік аграрлық-техникалық
университетінің профессоры

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» деп ұлы Абай айтқандай адам баласының – қаласа да, қаламаса да – философияға соқпайтын жайы жоқ. Өзі жөнінде, өзінің басқалармен қарым-қатынасы жөнінде, өзінің дүниедегі орны жөнінде ойланбайтын адам болмайды.

Философия – тек мамандардың кәсібі деп ойлау қате. Ондай философияның құны да болмас еді. Кәсіби, ғылыми философия бар. Оған адам арнаулы дайындықпен барады. Сонымен бірге көпшілікке бағытталған қарапайым философия да бар. Бұл арада «қарапайым» деген сөз әсте де тайыздықты аңғартпайды.

Философияның қатып-семіп қалған анықтамасы жоқ. Ол - сан қырлы, күрделі дүние.

Философиялық түсінікті, пайымдауды кез келген ақынның, жазушының туындыларынан табуға болады. Ал ақын бұған қоса нағыз адам болса, тұлға болса, ұлтымен, халқымен, елімен талай тар жол тайғақ кешуді бастан өткізсе, ол, сөз жоқ, философияға соқпай өте алмайды. Сондай біртуар ақын, Ницше айтқандай, асқан тұлға (сверхчеловек) – бүгін біз мерейтойын атап өтіп отырған Жұбан Молдағалиев.

Жұбағанның творчествосы, ақындығы, елжандылығы, ұлтжандылығы, азаматтық ерлігі туралы газеттерде академик Серік Қарабаев, бәріміз де білетін, қадірлейтін жерлес ақындарымыз Қайрат Жұмағалиев және Ақұштап қарындасымыз тебіреніп жазды. Жайсаң ағайдың мақаласын бүгін оқып отырмыз.

«Жұбан ақын жөнінде бір сөз айтсаңыз» деп маған ұсыныс жасағасын, мен бұл кісінің философиялық пайымдаулары туралы пікірімді білдірмек болдым.

Кеңес заманындағы көрнекті орыс философы Михаил Бахтин мынадай тұжырым жасаған еді: «Нағыз философтар, әрине, Германияда. Ресейде тек ойшылдар болған» деп. Шынында да, Канттай, Гегельдей, Фейербахтай, Маркстей философтар Ресейде де, біздің Қазақстанда да болған жоқ, мүмкін, болмас та. Олар қайталанбас тұлғалар болатын. Бірақ Ресейде де, Қазақстанда да Пушкин, Гоголь, Достоевский, Толстой сияқты болмаса Абай, Шәкәрім сияқты ойшылдар болды. Ойшылдық та – философия. Философия – ойлау өнері. Оның ой мен сол ойды білдіретін сөзден басқа құралы жоқ.

Жұбан Молдағалиевті мен осы ойшылдар қатарына жатқызар едім.

Жұбағанның ойшыл философтардан бір айырмашылығы, бірегейлігі – оның өз ойын іспен, қимылмен ұштастыра білетіндігі.

Философия сөзге де, іс-әрекетке де ерекше мән береді. Жұбағанның философиясын шартты түрде **іс-қимыл философиясы** деп анықтауға болады. Жаңағы айтқан Михаил Бахтиннің «Философия поступка» деген белгілі шығармасы бар. Онда ол философияның ежелгі үнділер, қытайлар, гректер заманынан бергі мұраты философиялық ойды, идеяны адамдар санасына сіңіру, іске асыру, іске басшылыққа айналдыру деп атап көрсеткен еді.

Жұбан ақын өз шығармаларында патриотизм идеясын, ұлттық идеяны, ұлтжандылық идеясын жырға қосып қана қоймай, өзінің іс-қимылымен қазақ солдаты, қазақ ақыны және тәлімгер-ұстаз ретінде іске асыра білді. Қайталап айтам, бұл жөнінде Қайрат ақын «Үш ерлік» деген мақаласында оқсатып жазды.

Іс-қимыл әдетте өзін өзі білетін, өзіндік ұстанымы, көзқарасы бар тұлғаға тән қарекет. Бір кезде неміс реформаторы, протестантизм қозғалысының көсемі Мартин Лютер айтып еді: «На том стою, не могу иначе» деп. Бұл – жалаң фанатизм емес, өмірлік ұстанымын қорғау. Тұлғалар басқаша қимыл жасай алмайды. Қысылтаян, жеме-жемге келген сәтте олар өз түсінігіне сай әрекет жасайды. Олардан осындай қимылды күтуге болады.

Соғыс кезінде жазылған өлеңдерінен біз ақынның отаншылдық, патриоттық позициясымен бірге өзін қазақ халқының өкілі ретіндегі жауапкершілік сезімін де анық аңғарамыз. От пен оқтың арасында жүрген қазақ солдаты аман қалумен бірге халқының атына кір келтірмеуді де естен шығармаған сияқты.

1943 жылы жазылған «Қазақ» деген өлеңінде ақын майдан шебінде жолыққан қазақ солдаттынан «Кімсің?» - деп, орысша сұрап, оның «қазақ» деп берген жауабына:

Қайдағы, дедім – қазақсың?
(Қай жерден келдің дегенім)
Естілді сұрақ мазақша
Ұқпады жігіт не мені

Сонда әлгі өжет жігіт:

- Кескініңе қарасам,
Жөн білгендей адамсың.
Қазақты әлі білмейтін
Қайдан шыққан надансың?

деп сұраққа ызғарлы сұрақпен жауап береді. Содан соң:

«Қайдағы қазақ» дегенге
Ызамын, қайран қаламын.
Білмейтін бар ма ел-елде

Ер халқын байтақ даланың, - деп қазақ солдаты ақынның сөзімен халқының бұрынғы өткен замандағы және осы қырғын соғыстағы ерлігін паш етеді. Өлең соңында ақын өз атынан:

Болды-ау деп уақыт аз-ақ тым,
Өкініп кейін аттандым.
Мен де бірі қазақтың

Болғанымға мақтандым, - дейді.

«Менің халқыма» деген өлеңінде де осы сарын қайталаанады:

Ел болдың, еріктісің, күшің өктем,
Күзің – жаз гүл-жазира, қысың – көктем.
«Қазақтың ұлымын» деп Европада
Мен сені көкірегіме қысып өткем.

Соғыста жеңіп шығу үшін адамға да, елге де рух керек, жеңіске деген сенім болуы керек.

Соғыс кезіндегі қиын-қыстау шақтарда да, айталық, жау еліміздің көп жерін басып алып, Ленинградты, Сталинградты қоршауға алған кезде де Жұбағаң сияқты совет жауынгерлері елді – Жұбағаңша айтсақ – адамзатты – фашизмнен азат ететініне, соғыста жеңіп шығатынына кәміл сенді. Осы сенім, ерік, жігер жауынгерімізге сүйеніш болды, қиын кезде демеп жүрді.

1942 жылы жазылған «Біз жеңеміз» деген өлеңінде ақын былай дейді:

Жатқанда Отан жері отқа жанып,
Тұрғанда туысқандар жауда қалып,
Жеңбесек, жойқын қайрат шығармасақ,
Жігіттің неге жүрміз атын алып?

«Отан жері» деп тұрғаны Украина, Белоруссия, орыс жері, «туысқандар» деп тұрғаны сол елдердің халықтары.

Жеңеміз! Жеңіс – совет адамы аты,
Біздерміз азат етер адамзатты
Сенемін партияма, өр халқыма,
Қандай күш бұл дүниеде одан артты?!

Тәуелсіздік алған бүгінгі күнде де біздерге, қазақтарға, қазақстандықтарға алдымызда тұрған асқақ міндеттерді ойдағыдай шешу үшін сондай рух, сенім керек.

Соғыс кезінде жазылған «Туған елге» деген өлеңінде де Жұбағаң елге жеңіспен оралатынына ешбір күмәнданбайды.

Ойымнан сірә, қалмайсың,
Жүрсем де майдан төрінде.
Жүректің отын жалғайсың
Жеңістен соңғы өмірге.
Туады сол күн біздерге,
Дұшпанды жеңіп келеміз
Күлімдеп қарап жүзіне
Бауырыңа еркін енеміз.

Қандай қиын, қысылтаяң шақтарда да сарыуайымға салыну, торығу дегенді білмейді.

Соғыс туралы жазғанда Жұбағаң оның жан түршіктірер зардабын көп сөз етпейді. Қырғын болса да бұл да – жұмыс, бұл да – міндет. Осы міндетті ойдағыдай атқару – жауынгердің ойлайтыны осы.

Есінде ме, майданда ерен егес,
Көксейтіні солдаттың ерлік емес.
Ақтау үшін парызын салады атой,
Тұрса да алда ажал боп нелер белес.

«Жолдасымның жауабы»

«Батыр туралы баллада» (1944) деген өлеңінде жүрегіне оқ тиіп құлаған жауынгердің қайтадан түрегеліп:

-Жоқ, жоқ! Ажал қателестің,
Әлі бойда қайратым бар!
Әлі де мен соғысамын,

Қайратым бар, айбатым бар! – деп төс қалтасынан оқ тесіп өткен партбилетін суырып алып, екінші қолымен қанды көйлегін ту қылып көтеріп, «Алға!» деп жауға қарсы ұмтылғанын жазады:

Бір қолында қанды көйлек,
Бір қолында партбилеті.
Екеуін де көтерді ол
Жалау етіп құдіретті.

Қан-қан көйлек, қызыл билет
Қанды айқаста берді жігер.
Жауған оқты оқпен басып,
Тағы ұмтылды жауынгерлер.

Жұбағанның философиялық көзқарасын экзистенциалдық философия деп те қарастыруға болады. «Экзистенция» деген латын сөзі «тіршілік» деген мағынаны білдіреді. Бірақ бұл ұғым философияда күнделікті жайбарақат тіршілікті, күнкөрісті бейнелемейді. Экзистенция деген – таңдау, тығырыққа тірелу, жеме-жем, «болу ма, болмау ма» деп бір шешімге бекіну. Батыс философиясы мұндай сәтті «шекаралық жағдай» деп атайды.

Кімнің кім екені, қандай адам екені осындай жағдайда білінеді. Біздің ойымызша, осындай экзистенциалдық жағдайға Жұбан ақын әлденеше рет тап болған және бәрінен де адамшылығына, азаматтығына, қазақтығына кір келтірмей, Жұбан болып, ақын болып, тұлға болып өткен.

Әркім өзін ойласын ірімін деп,
Қоя білсін зор мақсат, ірі міндет.
Кішірейе қаламыз кейде жөнсіз,
Мүлейімісіп «мен көптің бірімін» деп.

Көптің бірі болайық жауға шапсақ,
Көптің бірі болайық тауға шықсақ.
Көптің бірі болмайық шегіністе,
Жалғыз-ақ бол ауыздан «сауға» шықса-ақ
Көптің бірі болайық шаттанғанда,
Көптің бірі болмайық бақ танғанда.
Көптің бірі болайық мақталғанда,
Көптің бірі болмайық датталғанда.

Соғыста өзінен өзі әр күн, әр сәт сын сағаты болды. Одан кейін де ақынға талай талай Жұбан болып қалуына тура келді. Соның бірі – атақты «Мен - қазақпын» поэмасын жазған кезі.

Кеңес заманында Қазақ ССРі болды. Өз ұлтын жасырып, басқа ұлттың өкілі болып (әдетте орыс болып) жазылатын еврейлерге қарағанда қазақтар ешқашанда өздерінің қазақ екенін жасырған жоқ. Мен Киев университетінде оқыдым. Менің қазақ екенімді бірге оқыған жолдастарым білді. «Қазақ» деп, ішінде бүкпесі жоқ «ақ» деп, «аңқылдақ» деп, ұлтшыл емес, көпшіл деп сыйлады, құрметтеді. Студент достарыммен бірге Украина жерін аралағанда, олардың әкелері «қазақтар соғыста аянып қалған жоқ, жақсы соғысты» деп ризашылық білдіріп жатты.

Біздер сияқты жекелеген адамдар өзін қазақпын деп таныстырса, мұнда тұрған ештеңе жоқ. Ал қазақ ұлтын дәріптеу, қазақ ұлтын әлемге таныту – Кеңес заманында қосталмағаны рас. Одақ көлемінде жаңа тарихи қауымдастық – **совет халқы** құрылып жатыр деген идеологиялық дақпырт тарап жатқанда «Мен – қазақпын» деп жар салу ерсі болып көрінуі ғажап емес-ті. Сол кезде «совет адамы», «совет халқы», «совет паспорты» деп айту әдет болды. Тап осы кезде Жұбан ағаның шығармасы жарық көрді. Сол кезде көбімізге коммунизмнің көкжиегі көрініп қалған сияқты еді. Сондықтан: «қазақ болып,

бөлектеніп, қайда барасың?» деген сұрақ ауызда тұрар еді. Жұбағаң осы қадамының идеологиялық тұрғыдан астамшылық екенін білмей қалған жоқ.

Ақын, әрине, «қазақпын» дегенде ұлттардың бірлігін жоққа шығаруды ойлаған жоқ. Ол – шын мәнісіндегі кеңес адамы, нағыз коммунист болатын және мұнысын мақтан ететін.

«Ақынымын советтің» деп мақтанам,
Партияға, халыққа арқа тағам», -
деп жазды ақын сол кездерде.
Тұрады олар аузымда ұран болып,
Жасайды олар жанымда жыр-ән болып.
Маған өзге тағдырдың керегі жоқ,
Жүрсем болды өлеңде Жұбан болып.

Бірақта сол кезде де Жұбан ақын өз ұлтын мақтаныш етудің ешқандай ерсілігі жоқ екенін де еске салуды жөн деп білді.

Ақын поэмасының негізгі идеясы – мұнда қазақтың қандай халық екенін, қалай «мың өліп, мың тірілгенін», өз жерін сыртқы жаулардан қалай қорғап қалғанын, Ресейдің құрамына амалсыздан бодан болып кіргенін, Қазан төңкерісінен кейін басқа ұлттармен бірге теңдік алғанын, Одақ құрамында соғыста да, бейбіт еңбекте де аянып қалмағанын жырға қосу еді. Жұбан аға бұл поэмасында қазақ халқы, қазақ тарихы, қазақ тілі, қазақ мәдениеті бар екенін, болашақта да қазақтың қазақ болып қалатынын паш етті.

Ақынның «Қазақ тілі» деген өлеңінің бір шумағын ғана келтірейін:

Білмесін – білсін түсімнен,
Ұқпасын – ұқсын түрімнен.
Танысын дүние ісімнен,
Танысын туған тілімнен.

«Мен – қазақпын» поэмасымен ақын қазақ тарихын жаңаша жазып шықты деуімізге болады. Қадір Мырза Әлі айтқандай, кеңес кезіндегі «жүп-жұқа» қазақ тарихының оқулығынан оқырмандар қазақтар туралы не білетін еді?

Бұл арада Жұбан аға «Қазақ солдатын» жазған Ғабит Мүсіреповтың, ғұмыр бойы Момышұлы болып, қазақ ұлы болып қалған батыр ағасы Баукеңнің жолын жалғастырды.

Сол кездегі орыстардың, үстем идеология өкілдерінің басқа ұлт өкілдеріне немқұрайды қарауының көрнісі ретінде өзім куә болған мына жәйтты айта кеткім келеді.

Олжас Сулейменов өткен ғасырдың 70 – жылдары «Игорь жасағы туралы сөзді» (Слово о полку Игореве) өзінше тәржімалап, ондағы көптеген тюркизмдерді, орыс тіліне енген түрік сөздерін тауып, өз ойын жария еткен-ді. Көптеген орыс тарихшылары, зиялылары (ішінде академик Дмитрий Сергеевич Лихачев та бар), бірауыздан Олжастың «Аз и Я» деген кітабын сынап іске алғысыз еткен. «Қайдағы бір қазақ геологы, ақыны қасиетті жазуымызды бұрмалап түсіндірді» деп айыптаған болатын. Қонаевтың қамқорлығы болмаса, Олжас сол кезде шығармашылықпен бұратала қоштасатын еді.

1988 жылы орыстар христиан дінін қабылдауының, крещениенің 1000 жылдығын атап жатқанда, МГУ-дің үлкен мәжіліс залында халықаралық конференция болды. Жер-жерден ғалымдар келді. Мен сол кезде МГУ-де мамандықты жетілдіру курсына оқып жатқан едім. Негізгі баяндаманы Олжасқа қарсы кампанияны ұйымдастырған академик Б.А. Рыбаков жасады. Біздер, қазақтар, оған жазбаша сұрақ қойдық: «Олжас Сулейменовтың «Аз и Я» деген кітабы туралы пікіріңіз өзгерген жоқ па?» деп. Академик қағазды әрең оқып, сұрақты түсінбегендей біраз тұрды. Ақырында: «Не говорите мне этого имени» деп, қалшылдап, қағазды залға қарай лақтырып жіберді. Міне, орыс зиялыларының басқа ұлт өкілінің пікіріне деген реакциясы осындай болды.

Философия – тарихшыл көзқарас. Философия тарихтан не іздейді? Тағылымды, қисынды, жөн-жосықты, сабақтарды.

Жұбан аға өз шығармаларында жиі-жиі тарихқа жүгінеді, бүгінгіге тарих тұрғысынан көз тастайды. Жоғарыда айтқанымыздай, өз ойларын тарих таразысына салып екшейді.

Әдебиетте, философияда тәубеге келу «исповедь» деген жанр бар. Жазушылар, ойшылдар ағынан жарылып, бастан кешкенін басқаларға сабақ болсын деп баяндап жатады. Жұбан ағаның көптеген туындылары осы бағытта жазылған; «Анкетама қосымша», «Өмір жайлы өлеңдер», «Сырласу», «Жағаңда тұрмын, Жайығым», «Хатшыға хат», «Қарыз деп қабылдаймын», «Жеке шумақтар» деген өлеңдері және «Мен-қазақпын», «Туған жер» деген поэмалары.

Жұбан аға өлеңдерінде авторлық позиция, «Мен» бар, тұлға бар, субъект бар. Ақын өзі жөнінде, сүйген жары, балалары, достары жөнінде ойланып толғанады, өзіне өзі есеп береді, өзін өзі жазғырады, өзіне өзі риза болады. Туған жер, Тайпақ, Орал, Жайық жөнінде ыстық сезімнен туған жүрекжарды сөзін айтады.

«С-ға» деген, әрине, София жеңгемізге арнаған өлеңдеріндегі мына сөздерді осы отырған халайықтың көпшілігі айта алар еді:

Дүниеде өзің екен деген мықтым.
Ықпасам махаббаттан неден ықтым?
Не ғалым, не қайраткер болмасаң да,
Әйелдің даналығын сенен ұқтым.

Тек, өкініштісі, біз Жұбағаңдай сұлу етіп, тебіреніп айта алмаймыз ғой.

Жас күндер жалын жылдар тез өтеді,
Ескеріп естелікті сөз етеді.
Дүниеде өле-өлгенше екеу болып,
Сыйласып сүйіскенге не жетеді,
Сүйген қандай
Сүйікті болған қандай!
Асыл кілтін
Бақыттың қолға алғандай.

Әдебиетте ғана емес, философияда да, жоғарыда айтқан экзистенциалдық философияда көңіл, көңіл күйі, көңіл кеңдігі, көңіл тарлығы туралы жиі айтылады. Көңіл – адам жұмбағының бір кілті. Көңіл деген табиғаты нәзік, ғажайып, тылсым дүние. Қазақ тауып айтқан: «Көңіл жетсе, бәрі жетеді» - деп. Қоғамның хал-ахуалын адамдардың көңіл күйімен өлшеуге болады.

Поэзияның үйреншікті қызметі – адамның көңіл күйін жеткізу.

Жұбан аға өлеңдерінде көңілшектік басым:

Жас көңіл, қыран құстай қияндайсың,
Самғайсың, қызығасың, қиялдайсың!
Білмейсің жарлылықты, жалғыздықты,
Дүниені жамандыққа қоя алмайсың.
Жас көңіл арбайсың ба, алдайсың ба?
Әуре боп азға айналып қалмайсың ба?
Жер мен көк жаралғандай бір сен үшін,
Сапырып сыбағанды алмайсың ба?

Жұбағаңның «Көңіл» (1971) деген өлеңін тұтас келтірсек те артық болмас еді. Мұнда көңіл философиясы поэзия тілінде сайрап тұр.

О, шіркін ғажапсың-ау, көңіл деген!
Жартас жоқ толқыныңа көмілмеген.
Құлдырап құламаған құзың да жоқ,
Қыран боп шырқамаған көзің де кем.

Теңіздей тебіреніп тынышымайсың,
Қуансаң – көлеңкесіз күнсің, айсың.

Қамықсаң – қамаудағы қара күшік,
Кеудені тырналайсың, қыңсылайсың.
Тарылсаң – дарияның лайысың,
Шабылсаң – балбұлақтай шынайысың.
Табиғи мұның бәрі адам үшін,
Баянды болғайсың тек құдай үшін.

Бір уақыт қайырымдысың, тез күйрексің,
Ал кейде қытымырсың, безбүйрексің.
Алайда билей берме адамды сен,
Адамның өзі сені тезге үйретсін,

Қобалжы, шалқы көңіл, жаңғыр өнік!
Өзіңсіз жүрек бір тас, жан бір өлік.
Күлімде қабағымда таң нұры боп,
Жаудыра жанарымда жаңбыр болып.

Кеңес заманындағы ақындардың көпшілігінде патетикалық сарын, жалаң ұраншылдық, науқаншылдық жиі-жиі бой беретін еді. Жұбан аға жырларында, бір қызығы, бұл жағы да өзгешелеу болып көрінеді. Ақын өлеңдерінде, керісінше, шынайы көңіл күйінің сыры басым болып жатады. Бұл да ақын туындыларының ерекшелігі, шыншылдығы, табиғылығы, өзіндігі. Өткен ғасырдың 40-50 жылдары өздерінің көңіл күйін тілге тиек еткен лирик ақындар - Анна Ахматова, Марина Цветаева, Борис Пастернактар билік тарапынан қуғындалып жапа шекті. Дер кезінде оқырмандарына сөздері жетпеді. Сол сарында жазылған Жұбабағанның көптеген өлеңдері уақытында жарық көріп насихатталғаны бізді таңдандырады.

Жұбабаған шығармаларынан философиялық мәні зор көптеген жәйттерді келтіруге болар еді. Бірақ онсыз да мен көп уақытты алып қойған сияқтымын. Осымен доғарып, сіздерге рахметімді білдіргім келеді.

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ОБРАЗЫ

Ақұштап Бақтыгереева
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы
Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің
төрайымы, Қазақстан Республикасы
Жазушылар одағының мүшесі.

Отты жылдың жалыны жанарынан ұшқындаған жас ақын алғаш үйленер кезде үлбіреп тұрған үркектеу қызды анасына ертіп келіп: «апа, мына қыз сізге ұнай ма?»-деп сұраған көрінеді. Ол да ештеңе емес-ау, өз босағасына түсіргенге дейін ақын оған «сүйемін», «күйемін» дегенді де айтпапты. Жыр арнап, көрші баладан хат та тасытпапты. Тіпті, жылтындап ізін торымаған да көрінеді. Өйткені, ана сүтімен біткен өр мінез сол балаң шағынан-ақ кесіп айтатын әдет болып қалыптасқан екен. Ақын Жұбан Молдағалиевтың бұл 27 жасқа караған, өзін есті азаматқа балаған естияр жігіт кезі болатын. Ұяң мінезді, талдырмаш жас қыз оған «бармаймын» деп бас шайкап та үлгермейді, «ойланам» деп күмілжіген де жоқ. Өзгеден бөлек болмысы ұнаған албырт жігіттің соңынан үнсіз ере

берген. Ана алдына ұлы ертіп әкелген жас қызды жатсынған жоқ. Бар мейірін төге бауырына басқан. Міне, он сегіз жасында аттаған сол босағаның абырой-даңқын, ыстық-суығын өзімен бірге көтерген ақынның жары София Мәлікқызы екеуінің өмірі жайлы сырды ол жыр жолдарына былайша өрнектеген екен.

Таныстық, таныстық та, үйлендік біз,
Үйді де, күйі де жоқ күйде едік біз.
Жұпыны сен ұяң, қыз, мен майдангер
Тұрмысты кімнен, қашан үйреніппіз?
Бар түгіл жоққа разы, тұра бердік,
Болмады сынық ожау мұра дерлік.
Сенгенбіз «сүйемін» ден ант-су ішпей
Бұл тіпті болмаса да сірә да ерлік.
Тек кейін қанық болдым мен өзіңе,
Бас ұрдым кісілікке, мінезіңе.
Мың шүкір, миллион шүкір, қабыл алдым
Бақыт деп басқа қонған мұны өзіме.
Дүниеде өзің екен деген мықтым,
Ықпасам махаббаттан, неден ықтым?
Не ғалым, не қайраткер болмасаң да
Әйелдің даналығын сенен ұқтым.

Қазақтың келіні, ақынның жары болу айтуға ғана оңай-ау. Болмыс-бітімі ешкімге ұқсамайтын, сезімтал да сергек ақынмен бірге қуануды, бірге мұңаюды, оның ішкі жан дүниесімен үндесе білуді София жеңгеміз тағдырдың сыйындай таныды. Тек әйелге ғана тән төзіммен ақынның еркелігін де, тұрмыстың қилы-қилы кезеңін де қайыспай көтере білді. Олай болса ешуақытта да өзінен бөлек ой ойламаған, бар ғұмырын отбасының, жарының, балаларының тыныс-тіршілігіне арнаған Софиядай аяулы жары арқылы ақын жүрегі жыр жолдарына бүкіл әйел қауымына деген алғыс сезімін сыйдырған жоқ па.

«Мен казак әйеліне қайран қалам», - деп басталатын ғажайып өлең тудырған, бір-бірінің қас-қабағын бағып қалтқысыз ұғысқан осы ерлі-зайыптылардың өткен өмір жолы бір қарағанда өзгелерден еш айырмасы жоқ сияқты боп та көрінетін шығар. Алайда, олардың тыныс-тіршілігі де, өмір сүру дағдысы да ешкімге ұқсамайтын еді. Албырт көңіл, адуын ақын жігіттің кей күндері өмірдің көлеңкесінде қалғысы келмей, достарымен бірге ащы су ұрттап әндетіп келген кездері де болды. Кейде жалдаған пәтер иесіне тәуелді болғысы келмей еркіндік аңсаған ерке көңілден жыр жолдары туындап буырқанып та жүрді. Тіпті бәзбіреуден қалған көңілі еңсесін езіп тілі байланғандай булығын сәттері де аз болмады. Әкесінен алты айлығында жетім қалған сәбиді азамат қатарына қосу үшін басынан қилы жәйттер мен талай ауыртпалықты өткерген Зеріптей анаға жауаңдап, оның қас-қабағын бағу да Софияға оңай болмаған сияқты. Ондай кездерде ақын өз жүрегінен туған жырларына жұбанды. Ал, София болса, үйелмелі-сүйелмелі төрт сәбиін әлдилеп, енесі мен жарының қас-қабағын бағып, бәрін де үнсіз көтере білді. Біреулер оның бұл қилығын жастықтың әсері десе, қайсыбірі жасықтық деді, тіпті көнбістік деп те кінәлады. Жоқ, оны бұл мінезінің негізінде аналық мейірім мен сабыр, әйелдік төзім мен шыдам, яғни, парасат күші жатыр еді. Ол Жұбан ақынның «Мен сені сүйеді екем», - деген сөзін 18 жылдан кейін, Монголия сапарында жүріп жазған хатынан алғаш рет оқыған болатын.

Әңгіме арасында мен София жеңгейден «өмірге өкпеңіз бар ма?» - деп сұрағанымда ол «Жұбандай үлкен жүректі, саналы азаматқа жар болған, онымен өмірдің ыстық-суығын қатар бөліскен кездерімді текке өтті дей алмаймын, бұл біреулердің түсіне де енбейтін ғажап та, мағыналы дәурен, үлкен тарих», - дегені бар еді.

Ақынның талай қиналған сәттерінде онымен бірге таңға кірпік ілмей шығатын сәттерін еске ала отырғанда, оның көзінен мөлдір тамшышар еріксіз домалап та кеткен. Соншама жылды бірге өткергендіктен бе, жоқ жүрек лүпілін дөп басып тани білгендіктен бе, ол жарының көңіл-күйін жанарынан, тынысынан, дауысынан, әр қимылынан да айқын

сезініп отырғанын да айтқан болатын. Сондай сәттердің бірін ол былайша еске алғаны бар.

Ағаң 1986 жылдың 17 желтоқсаны күні жанын қоярға жер таппай, үй ішінде алас ұрумен болды. Тамағын да іше алмады. Бізге де ләм деп тіл қатпады. Жазушылар одағына барып, Олжас Сүлейменовпен сөйлесіп қайтқанымен де бұл әңгіме жөнінде жақ ашпаған. Бір кезде телефон шырылдап қоя берді. «Орталық Комитеттен, Молдағалиев жолдас керек», - дейді бұйрыққа бергісіз дауыс. Содан кейін Жұбан ағамыз әлгі адамды біраз тыңдап тұрыпты да, «Жақсы сөйлейін», - дегі екі ауыз сөзбен жауап қайырған күйі сең сокқан балықтай өз бөлмесіндегі жазу столына жайғасады. Жеңгей болса ыстық шәйді жанына қойып, күндегі әдетінше есігін жаймен жауып шығып кетеді. Таң сібірлеп ата бастаған кезде жеңгей жұмыс бөлмесінде жанып тұрған шамды көреді. Ерінің ұйқысыз таң атырғанына, шаршағанына көзі жеткен ол сүт жылытып апарған ғой. Сол кезде ақын түнімен бас алмай жазған парақтарын жыртып-жыртыш лақтырып жатады. София жеңгей қаншама жыл бірге ғұмыр кешсе де ерінің дәл осындай сұсты халін бұрын-сонды көрмеген екен.

Иә, 1986 жылдың 30 желтоқсанында Жазушылар үйінде Колбинмен кездесуде сөйлеген тарихи сөзі сол күні ала кеуімде қайта, мүлде басқа бағыпта жазылған еді. Сол сәтгі еске алғанда София жеңгейдің көзінен жас тамшылайды. Мұның бәрін ақын жанын түсінген, ең сенімді жар ғана түсіне алады. Күйеуінің нендей халде отырғанын барлық әйел андып жүрген жоқ десем, маған мұндастарым реніш білдіре қоймас. Ақын қабағын қалт жібермей бағу, бір топ немеремен қоса жар мінезін бөлек баптау үлкен шыдам иесінің, София жеңгей сияқты тумысы бөлек әйелдің ғана қолынан келері анық.

Өмірдің ашы-тұщысын бастан кешкен 41 жыл ішінде ақын Жұбан Молдағалиевтің айнымас адал болмысына, София жеңгейдің сол биязы да, сабырлы бейбітшілік мінезіне танданбасқа шарамыз жоқ.

Бұл 1983 жылдың жазы болатын, жазушылардың Қара теңіз жағалауындағы демалыс үйіне бара жатып, бала-шағамызбен бізге Мәскеуге соғуға тура келген. Бейқам келе жатқан бізге алдымыздан қол ұстасқан Жұбан ағай мен София жеңгей ұшыраса кетсін. Иә, ақын жарын жас балаша қолынан жетелеп алыпты. Сол сәт маған олардың жастық шағы елестеп кеткендей болды. Мына көрініске ақындық қиялмен қызыға қараған болсам керек, жеңгей жас келіншекттей именіп, қолын босатып алды да, аналық жүрекпен бізге үйіріле кетті. Міне, күні бүгінге дейін осы бір сурет көз алдымда қалып қойыпты. Жұбан ағай мен София жеңгейдің арасындағы соншалықты орны бөлек сыйластыққа біз әрқашанда еркімізден тыс сүйсіне қарайтынбыз. Олардың бір-біріне деген қамқорлығы, жүрек жылуы бейнебір шуақ шашып тұрғандай айналаны сәулелендіріп жіберер еді. Ерлі-зайыптылар арасындағы бір-біріне деген назын, жарасымды әзіл-қалжыңын біз Жұбан ағаның саяжайында болған кезде де байқап, қатты қызығатынбыз. София жеңгейдің шәй құйған кесені еріне ұсынуымен өзінен де орны бөлек қамқорлық байқалады. Әр кимылынан ішкі мәдениеттің табы есіп тұратын.

Жұбан ағайдың көңілге келген ойын ірікпейтін, кімге де болса, «бетің бар, жүзің бар» демей айтып салатын қызба мінезі де бар болатын. Жеңгей екеуінің арасындағы осындай бір сәтке еріксіз куә болған кезіміз де бар еді.

Бұл Жұбан Молдағалиевтың өзінің 60 жасқа толған мерейтойын Ақ Жайық өңірінде өткізіп қайтқан беті болатын. Ағамыздың осы бір қуанышын бөлісуге біз де сол үйге барған болатынбыз. Ақын көңілді екен. Ол бізге туған ауданының хал-жағдайын, ел тынысын әңгімелей отырып, жерлестері сыйға тартқан қаракөл қозылардың терісінен киюластырып жасаған өз бейнесін көрсетіп, балаша мәз болғаны бар. Осы сәт ойында ештеңе жоқ София жеңгей әлгі бейнені бізбен бірге тамашалап тұрып, «мұрны сәл ұксамай кеткен бе», - деп қалсын. Ағайдың жадырау жүзі тез өзгеріп, «елім берген сыйлықты сынауға қандай хақың бар, не деп тұрсың өзін», - деп зайыбына зекіп қалғанда, оның үніндегі кейістікке біздің де тіземіз қалтырап кеткендей болды. Сөйтіп, туған жер деген қасиетті ұғымға дақ түсірмей өткен ақын сыйына да сын айтқыздады.

Туған жерді анам демей не дейін!
Туған жерді панам демей не дейін!
Сол арқылы асқақ менің ән-жырым,
Сол арқылы биік менің мерейім,-

деп Жұбан ағайдың өзі айтқандай, оның сөзі мен ісі, жыры мен өмірі егіз екеніне өз басым осы жолы куә болған едім. Туған жері сыйлаған бейнеде кемшілік көрінбейді, оны сынауға дұшпаны түгіл, аяулы қимас жардың да хақы жоқ екен. Туған жер ақын үшін Отан деген ұғым. Оны қалай сүю керектігін ол желтоқсан оқиғасындағы жүрек жарды сөзімен де дәлелдей түсті емес пе?! Оған дейін: «Мен қазақпын мың еліп, мың тірілген»- деп жар салғаны да баршаға аян. Ол да туған елді сүю сезімінен туған жан айқайы. Иә, ақынның сенімді жарына деген сезімінен де биік, тендесі жоқ, тіпті өз ғұмырынан да қымбат нәрсе-туған ел! Сол туған ел тағдыры үшін бәріне даярмын деп жырлаған ақын бұл сөзін ісімен де дәлелдеп өтті.

Ақынның жұбайы София Мәлікқызының ғұмырында да ащы-тұщы кезеңдер де аз болмаған сияқты. Соның бірі Софияның анасының 1938 жылы халық жауының қызы ретінде ұсталып кетуі еді. Нағашы атасы Сейітқали Мендешев кезінде Қазан қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітірген, кейін қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери ревкомның председателі Қазақстандағы аштықтан құтқару жөніндегі төтенше комиссияның басшысы болған, кезеңдік саясат бағытында өз халқының жарқын болашағы үшін адал еңбек еткен адам. Кейін оның өзіне де «халық жауы» деген жала жабылып, қызы Жұпар (Софияның анасы) қамауға алынады. Алайда София жеңгей мен Жұбан ағайдың арасындағы сезім мен сыйластыққа мұндай ауыр саяси ахуал ешқандай көлеңке түсірген емес. Коммунист Жұбан Молдағалиев туған ел мен өзінің ұлтына қашан да адал болды. Содан кейін де София жеңгейдің анасы мен нағашы атасын шексіз құрметтей білді. Ол парасатты ортада туып-өскен Софиядай жар тапқанына дән риза еді. Ешуақытта да заманға қарай құбылып, бұл халық жауының тұқымы екен деп бәзбіреулердей өзін ақтау әрекетін жасаған жоқ. Ол желтоқсан оқиғасына қатысқан жастарды қаралаған хатқа да бәзбіреулердей қол қоюға келіспеді. «Сабыр түбі сары алтын, сабырлы жетер мұратқа»- деген халық даналығы осындайда айтылса керек. Айдалған ағайын, жер ауған жесірлерді көрген ақын жұбанышты туған жерге деген жырдан тапты. Ол біздің әрқайсымызға туған Отанды дәл өзіндей сүюді жырларымен үйретті.

Жұбан Молдағалиевтың әр өлеңінен ел сүю, жар сүю деген ұғымдардың бір-бірімен астасып кеткенін байқауға болады. Расында да ол өмірде де, өлеңде де сондай адам еді.

Менің де махаббатқа жаным құмар,
Сол ғана табындырар, жалындырар.
Сол маған ана сыйлап, бала өсірткен
Сол маған жар сүйдірген жанын қияр.
Тек сондай махаббатты жаным білсін,
Ең үлкен, ең асылын, жалындысын.

Тіріде, туған Отан топырағында.

Сол ғана табындырсын, жалындырсын.

Иә, сонау алғаш үйленген жылы-ақ жазылған осы өлеңде өзі айтқандай жанын қияр жарға жолыққан ақын бірге өткерген 41 жылда София жеңгейдің бірегей де тұрақты жары болатынына сенген. Соған орай өзінің де сезімге тұрақты, бір сөзді болмысынан айнымайтын азамат екені де ақиқат.

Бүгін үш ұл мен бір қыздан тараған ұрпақтың ортасында немерелерін аяқтандырып, шөбере сүйіп отырған София Мәлікқызы үлкен жүректі ана, асыл жар, аяулы әже. Бұл дәрежеде көтерген сенім, сезім, төзім деген қарапайым сөзден тұратын өте киелі қасиеттер. Ол қазақ әйелінің қолынан келетін ғана - ерлік. Оны ақынның өзі де терең сезіне білгені анық. Сондықтан да «қазақ әйеліне қайран қалған» өткір де айқын өлең дүниеге келді. Ондай өлеңнің жазылуына Зеріптей анасы, Жұпардай енесі, Софиядай жары себепкер болғаны сөзсіз.

Ақын Жұбан Молдағалиев дүние салғалы біраз жыл өтіпті. Оның жұмыс бөлмесі сол өзі тірі күнгідей, тап-таза. Ақынның үлкен бейнесі де үйдің төрінде, сол баяғы өз орнында тұр. Анасы Зеріп те кітап сөресінен ақ жаулығы желбіреп қарап отыр. София жеңгей бұл бөлмеге күнде кіріп шығады, шаң жұқтырмай күтеді. Оған Жұбан ақын есіктен кіріп келетіндей көрінеді. Ол кісіде өлді деген сезімнен гөрі оны аңсау, күту басым тәрізді. Жарын соңғы сапарға шығарарда булығып жылай да алмаған. Ойбайлап, шыңғырған да емес. Өйткені өлгеніне сенбегендей күй кешкен. Жаксы көрген адам өле ме? Ол оның жүрегінде тірі. Қуанышы мен Азаматы әкесінің жас шағын ұдайы есіне салады. Соларға қарап София жеңгей жас Жұбанды күнде қайта көргендей сезінеді. Ол бір алыс сапарда тәрізді, содан ба жұмыс бөлмесіне еш өзгеріс енгізбейді. Өздері тұрған үйдің бұрышына кештеу қойылған қарапайым тактаға сонша қуанған София жеңгей ақын жайлы жазылған жұпыны сөзге де мән бермейді. Кейінгі ұрпақ дұрыстап айтар деп сенеді. Ақын атындағы көшенің бірінші Алматыдағы базар маңынан, жайсыздау жерден тиюіне де көнбістікпен бас изейді. Уақыт бәрін кешер, өз орына қояр деп үмітенеді. Оны бұл төзімге үйреткен алдымен өмір, одан соң адалдық аңсаған ақынның мінезі шығар деп ойлайсың.

Ақын Жұбан Молдағалиев сырт көзге қатал да сұсты болатын. София жеңгейдің айтуы бойынша да солай. Ол бір айтқанынан қайтқан да емес, ешкімге екі ұшты жауап беріп, уәдемен алдарқатып та көрген емес. Оның сөзі мен ісі қашанда қабысып жататын. Бәлкім София жеңгейді тәнті еткен де оның осы бір мінезі болар.

Айтса кесіп айтатын, өз сөзінде тұрып қалатын ақынның 1986 жылдың желтоқсанында қазақ халқы бастан кешкен әділетсіздікті батыл айтып, сонау ұлтынды, тілінді ұмыт деген солақай саясаттың кезінде де «мен қазақпын» деп ашық жар салуы да сол бірбеткей, тура мінездің айқындала түскен сәтгері еді. Ақын өз өлеңінде:

Қалтқысыз сенем, сенсем мен,
Қалдықсыз сүйем, сүйсем мен.
Құласам, құлап еңсеммен.
Күйесіз күйем күйсем мен,-

дейді. Өз жыры жан дүниесінің көрінісі іспеттес ақын өмірге өте өткір, бет-жүзге қарап жалтандап, мәймөнкелеуді білмейтін тура кісі еді. Гүр еткен дауысынан, жарқ ете қалған жанарынан алғаш көргенде жасқанып қалатындай күй кешесің де, мәз болған сәттеріне қарап, адал жанымен ақтарыла сөйлейтін адам екенін аңғаратынсың. Жалпы ақын жайлы өз өлеңінен артық кім сыр айтпақ.

Жаратам жаңбырды мен-жаңарғаңдай
Жаратам асығуды-жан алғандай.
Жаратам жанның ерек жалындысын
Жарылғыш отты заттан жаралғандай.

Жеңгейдің айтуынша, ол отбасында да сөзге үйір емес көрінеді. Кей мәселені үй-іші боп ортаға салған кездері Жұбан аға бұл әңгімеге деген өз көз карасын айтып, әуре болмайды екен. Өз кесімі жанарында жазулы тұратын болса керек. Одан әрі өзім қорытындылайтынмын-дейді жеңгей. Аз сөйлер де, көп тындар, хас асылдың баласы -деп жырлайтындай Жұбан ақын үнсіз тыңдап, ұзақ ой қорытып барып, бір-ақ рет кесіп айтатын. Сонау алғаш босаға аттаған кезінде «анамды сыйлауға тиіссің»,- деген ақын тілегін София жеңгей де өзгермес заң ретінде қабылдаған ғой. Тіпті мұндағы кезге дейін кей жерге жарына еріп, жүре бермей, Зеріп анадан рұқсат сұрайтынын да бұл күнде сағынышпен еске алады. Егер ол бармай-ақ қой десе, оған еш ренжіместен келісетінін де жасырмайды. Әрине, отбасындағы осындай сыйластықты қалыптастырған да ақынның өр мінезі еді. Ал, Зеріп ананың тәрбиесінен еш зиян көрмегенін София жеңгей «Дастарқаны таза әйелдің-тағамы да дәмді» немесе «күйеуінің жағасы мен қол орамалынан әйелінің қандай екенін тану қиын емес»-деп апам айтушы еді деп Зеріп ананы қашан да құрметпен еске алады. Қазірге дейін апамның сөзі құлағымда қалып қойыпты. «Қашан да дастарқанымда дақ болмауына баса көңіл бөлемін»,-дейді ол. Сірә, талғампаз мінез, Жұбан ақынға Зеріп анадан берілген-ау шамасы. Иә бұған еш күмән жоқ. Алты айлық

қызылшақа кезінде әкесіз қалған, өзі аштық жылы туған Жұбан ақынды өжет те, өткір етіп өсірген анасы екені рас, осының бәрін зердесіне түйген ақын:

Кеткен жоқ сенен асып қазақ қызы

Мұны да махаббаттың ерлігі де,-

деп тебіренген жоқ па. Өз үйінде корген ана мен жардың сенімі мен сезімі, ақылы мен төзімі ақынға қазақ әйелі жайлы өлең жаздырды.

Иә, туған жерге, туған халқына, сүйген жарына деген махаббатынан айнымаған ақынның сыйластыққа толы ғұмыры жайлы жазу біздіңше, сұранып тұрған тақырыптың бірі екені анық. Алайда, ол Жұбан ақынды ұзақ жылдар бойына терең білетіндердің үлесінде демекпін.

«Ақын мәртебесі-ел мерейі» тақырыбындағы конференция жұмысынан көріністер





ЖҰБАН ТҮЛҒАСЫ ПАТРИОТТЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Қайрат Жұмағалиев
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Қазақтың ұлы ақыны Жұбан Молдағалиев өз ғұмырында үш мәрте ерлік жасаған адам. Жұбағаң хақында көрген-білген, оқығандарымды жадымда жаңғыртқанда түйген түйінім осы.

Бірінші ерлік.

Жұбағаңның жастық шағы, жалынды шағы адамзат баласына апат болып келген сонау бұлтты жылдармен - Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді.

Төрт жыл бойы ажал бұлтты торлаған,

Төрт жыл бойы

ақыр заман орнаған,

Адамзаттың тарихында ешқашан,

Дәл осындай сұмдық соғыс болмаған.

Сын сағаты туып Жұбан ақынға,

Сайыпқыран

жауынгерлер сапында.

Қас дұшпанмен айқасты ол аянбай,

Жырмен жолдап елге махаббатын да.

Қып-қызыл өрттің ішінде Алла тағала сақтаймын десе бір уыс мақтаны да сақтайды деген сөз - рас сөз. Қысқа күнде ажалмен қырық рет бетпе-бет келген қазақ сарбазы мұздай темір кұрсанған, дүние жүзіндегі ең озық соғыс техникасымен қаруланған фашистік Германиямен толассыз шайқаста жас ноян, Жайық өңірінің перзенті - қазақ солдаты Жұбан Молдағалиев тайсалмай табан тіреп соғысты. Мұз төсеніп, қар жастанып жүріп, сол сұрапылдың адам айтқысыз азабы мен тозағын түгел бастан кешірді. Жер шарын фашизм тажалынан құтқарып қалған халқымыз миллиондаған боздақтарынан айырылды. Талай ақ жаулықты Аналар ұлдарынан «қара қағаз» келіп, ақ шашын жұлып, аңырап калды. Аяулы жарлар қара жамылып, қайғымен қан жұтты, әкесіз қалған перзенттер жетім атанды. Жұбан жауынгер елге аман-сау оралды.

Қуантып жаралы елді, бар әлемді,

Сол көктем бейбітшілік ала келді.

Өмірді өгейсіткен қара күндер,

Түнеріп артымызда қала берді.

Қайран Ана жүрегі сұр шинелін сүйретіп есен келген Жұбанын көргенде жарылуға шақ қалды.

Шинель!

Қадыр, қасиетің көп, тегі,

Сені толық жырлауға тіл жетпеді.

Сұр шинельді Отанымның тәніне,

Дәлдеп атқан дұшпан оғы етпеді.

Ашса алақанында, жұмса жұдырығыңца болған, өмірі алдынан қия кесіп өтпеген София келіні көңілінен шығып, киелі кейуананың қалған ғұмыры бакытты өтті.

Бұл сынды да бастан қазақ өткерді,

Тағдыр жеңіс күніне де жеткерді.

Қуанғаннан, мәз боп шаттанғандардан,

Жеңіс таңы жылағанды көп көрді.

Иә, сол жылағандардың жан жарасы, міне, арада алпыс бес жыл өтсе де құлантаза жазалып кетті деп айту қиын.

Сөйтіп біздің халқымыз күллі адамзат баласын ажал апатынан құтқарып қалды, дүние жүзінің халқына, болашақ ұрпаққа бейбіт күн, ашық аспан сыйлады. Сол Жеңіс күнін жақындатқандардың бірі - қазақ солдаты Жұбан Молдағалиев еді. Бұдан асқан ерлік бола ма! Бірақ жас ақын мұны ерлік жасадым деп санаған жоқ - туған елі, кең байтақ даласы алдындағы перзенттік қасиетті парызым деп білді.

Бұл Жұбағанның бірінші ерлігі болатын.

Арада жыл артынан жылжып жылдар өтіп жатты. Күйреген шаруашылықты, қираған калаларды қалпына келтіруге халқымыз жаппай кірісіп кетті. Бейбіт күнді аңсап, зарыға күткен отандастарымен бірге кешегі қан майданда өмір үшін айқасқан сарбаз қаламгерлер енді ел рухын көтеруге көркем сөз күшін жұмсады. Жұбан ақынның шабыты шалықтап, творчествосының шырқау биігіне көтерілгені де осы тұс. Жалынды ақын идеологиялық майданның алғы шебінен табыла білді. Енді ол қоғамдағы кереғар қайшылықтармен бітіспес күреске бел шешіп, белсене кірісті.

Өмірдегі алуан түрлі келеңсіз жайттар ақын қаламына ілігіп, жалпақ елге жария болып, әшкереленді. Бұрын сыртқы жаумен қалай аяусыз күрессе, енді жауынгер ақын күнделікті тұрмыс-тіршілігіміздегі өзі көріп, біліп жүрген жағымсыз құбылыстарды аластан, тезге салу үшін шайқасты. Небір жең ұшынан жалғасқан жымысқылар, пайдакүнемдік, паракорлық, рушылдық, қысқасы, әділетсіздік атаулыға төзе алмады. Бетің бар, жүзің бар демеді. Поэзияның өткір жебесін дәл көздеп, соған жолдады. Қызыл жебе нысанаға дөп тиіп жатты. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» дейді қазақ. Ылғи ағынан жарылып, ақиқатын айтқанды, дәйім әділдік жағында болғанды жақтырмайтындар қай ұлт, қай халықта да табылатын болса керек. Біздің халқымызда да ондайлардың жиі кездесетіні жасырын емес.

Іштарлық ішін ірітіп, қызғаныштың қызыл иті ұлып тұрғандар Жұбан ақынның талантын көре алмай, өздерінен оқ бойы озық болғанын кешпеді. Кешу былай тұрсын, соңына шырақ алып түсті. Әсіресе, ат үстіндегі әкім-шоралардың халыққа жасаған қысастығын, сан-сапат кеңес шенеуніктерінің тоңмойыл топастығын, менмендігін, тағы басқа да жантөзгісіз жағымсыз жиіркенішті қылықтарын жыр жолдарына арқау еткен ақынды олар қайткенде де сүріндіруге тырысты. Орынтаққа жайғасқан орашолақтарды, мәселен «Хатшыға хат» сияқты өткір жырларында сын жебесімен түйреген ақынды олар аяқтан шалып-ақ бақты. Республикалық әдеби «Жұлдыз» журналының бас редакторы қызметінен босаттырды. Қазақстан Жазушылар одағының бірінші секретары лауазымнан да, қайта-қайта жабыла домалақ арыздар ұйымдастырып жүріп ақыры кетіріп тынды. Ол ол ма, Жұбағанның шығармалары Абай атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына, КСРО Мемлекеттік сыйлығына ұсынылғанда да сол келеңсіз жайттар үздіксіз қайталанды. Ата жаудан қайтпаған қайсар жауынгердің жүрегіне жара түсті. Бірақ алған бетінен қайтқан жоқ. Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері атанды. Сондай-ақ, Жұбаған туған әдебиетіміздің тарихында КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған екі қаламгердің бірі екенін бүгінгі ұрпақ орынды мақтан тұтады. Осы сыйлықтың екінші иегері «Қан мен тер» шығармасы үшін осы марапатқа ие болған классик жазушы Әбдіжәмил Нұрпейісов еді. Осы сыйлыққа ұсынылғанда оның да үстінен Мәскеуге қап-қап арыз қарша борағаны әмбеге аян. Қашанда осынша іштарлық тек өз қаламгерлерімізден болғанын орыс жазушылары таңғалып, жағасын ұстап отырып, әлі күнге дейін жырдай ғып айтады.

Бірақ, ұлы ақын битке өкпелеп, тонын отқа лақтырғын жоқ. Қайта, керісінше, туған халқына, еліне, ұлтына деген перзенттік махаббаты өрши түсті. Оның айқын да бұлтартпас дәлелі - атақты «Мен қазақпын!» поэмасы дүниеге келді!

Баршаға мәлім, ол кезде қазақ ұлтының болам ба, бордай тозам ба дегендей, тағдыры қыл үстінде тұрған болатын. Тіпті, Хрущевтың сол кезде «Ресей империясының пәлен ғасыр бойы орындай алмаған арманын мен екі-ақ жылда жүзеге асырдым!» деп жер

жүзіне мақтанғаны да елдің есінде. Бұл тың және тыңайған жерлерді игеру деген саясатты желеу қылып, оның қазақ жеріне төрт миллион тыңгерлерді тоғытқан кезі болатын. Олардың ішінде негізінен қылмыскерлер, отбасынан безіп, алимент төлеуден қашқандар, абақтыдан ерте босатылғандар, ұры-қарылар, кісі өлтіріп, жазадан құтылып кеткендер, қысқасы, қоғамның азғын, тозғын элементтері болатын. Кеңес өкіметінің басшылары Одақ қаржысын судай шашып, оларды жарылқап-ақ бақты. Оларды одақгың патриоттары ғып көрсетуге тырысты. Өз отбасына опа бермегендер кімді аясын, қазақ жеріне келісімен момын халықты кемсітіп, қорлық, зорлық көрсетіп, ар-ұжданын аяққа таптаумен болды, қазақ ұлтының өз елінде саны жиырма тоғыз пайызға дейін құлдырағаны да сол кезең. Ең сорақысы - қазақпын деп айтуға да жүрегіміз дауаламайтын. Қит етсе ұлтшыл деген ярлық тағылып, қара есекке теріс мінгізілуің кәдік.

Міне, осындай ауыр шақта, қазақтың ері мойнына кетіп, еңсесі езіліп тұрған шақта Жұбан ақынның осы поэмасы жарыққа шықты. Оның қалай жарыққа шыққанына өз басым әлі күнге дейін таңғаламын.

Соры арылмаған ұлтымыздың рухы дүр сілкінді. Халық әрі есі шыға қуанды, әрі қауіп етіп қатты шошынды да.

Ақынды қашан алып кетіп, қай абақтыға қамар екен деп, елегізумен болды. Оған өзінің араша түсе алмайтынын да ұғынды. Әбден зәрезап болған қазақ «отыз жеті» немесе «қырық тоғыз» қайтып келіп қалмасын деп, іштей Аллаға жалбарынумен күн кешті. Олай үргелекгенетін де жөні бар еді.

Мен - қазақпын мың өліп, мың тірілген,
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім күн тұтылыш,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен - қазақпын, ажалсыз анамын мен,
Құрсағыма сыйдырам даланы кең.
Пәк сәбимін бесікте уілдеген,
Дәуірлермен құрдаспын, данамын мен.

Мен - қазақпын! Биікпін! Байтақ елмін!
Қайта тудым, өмірге қайта келдім!
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске -
Айта бергім келеді, айта бергім!

Кеңес билеген дәуірде бұлай жырлау, өз ұлтыңды дәріптей сөйлеу - қылмысқа барабар. Сондықтан да «Мен - қазақпын!» деп ашық та айқын шабыттана асқақ пафоспен бұрын-соңды орыс ақындарынан басқа одақ көлемінде ешкім жырлауға батыл етпеген. Басқа ұлт өкілдері батыл ете қалса - Қолымаға айдалатын. Сол себепті, Жұбан ақынның бұлай жырлауы, ең алдымен өз өмірі үшін аса қауіпті еді. Бірақ, құдай жар болып, қуғын-сүргіннен аман қалды. Халқы да үн деп демін бір алды.

Ия, бұл шын мәнісінде көзсіз ерлік еді.

Бірақ қайсар ақын ерлік жасадым деп ойлаған жоқ - халқымыздың, ұлтымыздың алдындағы перзенттік парызымды өтедім деп білді. Ғасырлар бойы бодандық бұғауынан босамаған қазағын еңсесін көтеріп, бойын тіктеуге үндеді. Тіпті осы жолда құрбан боп кетсе де бақилы болатын.

Ал, Жұбағанның үшінші ерлігі де халқымыздың, ұлтымыздың тағдырына байланысты.

Қазақ ұлтының басына тағы да қара бұлт үйірілді. «Сорлыны түйе үстінде де ит қабады» демекші, айдың күні аманыңда, бақытсыздыққа душар болдық. Ел басшысы Қонаев орнынан түсті де ОК-тің бірінші хатшысы лауазымына орталық сайлаған кезекті қуыршақ «көсем» Колбин деген ие болды. Наразы болып, алаңға шыққан, бейбіт шеруге қатысқан қазақ жастарын Ресейден келген, мұздай темір құрсаңған кеңес солдаттары қынадай қырды. Сонау Ресей императорлары заманынан қалған зымиян саясат бұл жолы

айқын көрініс берді. Өткен, бағзы заманда В.И. Лениннің «Ресей - халықтар түрмесі» деген қанатты қағидасы есімізге түсіп, қара көзден қан ақты. Қанішер солдаттар аландағы жастарды дубинкамен басқан ұрыш, екі бұттың арасынан етігімен тепкіледі. Ұрыш-соғудың әдісін асқан шеберлікпен меңгерген солдаттар зұлымдықтың алуан түрін емін-еркін көрсетіп, әбден айызы қаныш, құмардан шықты. Бұл операция жастардың болашақта ұрпақ сүймеуін мақсат тұтқан болатын. Сол мұраттарына жетті де. Шеруге қатысқан жастардың тірі қалғандарының ешқайсысы да ата-ана болу бақыпына ие бола алған жоқ. Демек, бұл қантөгіс те сол баяғы Ресей самодержавиесінің қазақ жерін қазақтан тазартуды көксеген қаныпезер саясатының жалғасы екеніне ұлтымыздың көзі айқын жетті.

Міне, осының бәрін көзбен көрген ержүрек ақын тағы да шыдай алмады. Тағы да ашық майданға шықты.

Шегінбеді. Бойтасалап, бұқпантайлап қала алмады.

Жұбан ақынның бойына туа біткен ақындығына қоса батырлығына жырсуігіш халқы, талай қырғынды, ашаршылықты бастан кешіп пұшайман болған көңтерілі қазағы тағы да куә болды.

Қазақстан Жазушылар одағының кең залы. Бұл зал кімді көрмеген... Мұхтар Әуезовті де, Сәбит Мұқановты да, Ғабит Мүсіреповті де, Ғабиден Мұстафинді де, Тайыр Жароковты да, Әбділда Тәжібаевты да, Қалижан Бекхожинді де, Хамит Ерғалиевті де көрген. Енді міне, бұл кең зал заманның тарылғанына да куә болды. Зал толы қаламгерлер қауымы. Залды бір ауыр тыныштық басқан. Әшейінде әзіл-оспақ айтысып, дуылдасып отыратын қаламгер қауым бүгін аса ұстамды да сабырлы.

Ия, Колбин қатысқан осы жиналыс көп ащы шындықтың бетін ашуға тиіс еді...

Жазушылар залында бір-біріне мүлде ұқсамайтын және ұқсағысы да келмейтін қауым.

Қазақстанға келер алдында Грузияда қызын өлтіріп кеткенін естіген кейбір жазушы «біздің Алматы тыныш әрі қауіпсіз қала, сенбесеңіз сізді кешкі қала көшелерімен алып жүруге мен әзірмін» деп мәймөңкеледі біреуі. Енді бірі орнынан түскен бұрынғы республика басшысын жамандап, Колбинге «Сіздей Ленин типті басшыны біз пәлен жыл күткенбіз. Енді сол күн туды» деп қырық бет арыз жазған ақсақал драматург болды. Сол кісіге Қонаев өзінің тұрған үйін беріп кетіп еді. Жаксылығы жамандық боп қайтты-аудесті жұрт жиналыс тарағанда.

Жұбан Молдағалиев сөз алғанда зал «қарт солдат не айтар дейсің» дегендей сыңай танытқан-ды. Бірақ, сәлден кейін зал сілтідей тынып, шыбынның ызыңдағаны білінді.

«Алаңа қыздарымның шашын жулып, ұлдарымды дубинкамен бастан ұрып, алаң қызыл қанға боялғанын көргенде мен - Ұлы Отан соғысының ардагері, окопта мұз төсініп, қар жастанған қарт солдат, мына сорақы сұмдықты көзіммен көргенше сол қанды майданда неге қаза тауып мәңгі қайтпай калмадым деп өкіндім» деп налығанын естігенде отырғандар ақынмен бірге налыды.

Жұбан ақын көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналды. Жалпы халық бейбіт күндегі ақынның жасаған ерлігіне тәнті болып, басын иді.

Алайда, халықтың қорғаны болып, қызғыштай қорыған батыр ақын жұрттың бәріне бірдей жақты деп айту қиын. Әріптестер ішіндегі күншілдер енді жымысқылықпен ақынның атын, атағын шығармауға, баспасөз бетін бермеуге жанталасты. Тіпті, шалқар шаһар Алматыда ұлы ақын жалғыз қалғандай көрінді. Жазушылар одағын басқарып жүрген кезінде жанынан қалмайтын жандайшаптардың қалың тобы енді қатты сиреді. Сондай күндердің бірінде Қазақ теледидары Әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясының басшысы белгілі ақын, айтыс өнерінің айтулы жетекшісі Жүрсін Ермановтың рұқсатымен Жұбағанды өзіне арналған телехабарға шақырып, бір сағаттық сұқбат жүргіздім. Дәйім тың, ширақ жүретін, сәнді киініп жүретін кербез ағамыз маған біртүрлі шаршаңқы, өңі салыңқы көрінді. Бірақ сауалдарыма салиқалы, сабырлы жауап қайтарып, көп мәселелерге деген көзқарасын нақты білдіріп отырды. Ол хабар қазірде Қазақ теледидарының алтын қорында сақтаулы.

Бір карағанда Жұбағаң сұсты, салқын адам сияқты көрінетіні рас. Алайда, сөйлесе келе, сырласа келе оның жаны жарқырап, ашыла түсетін. Және достыққа адал, берік адам еді. Әлі есімде, сол кезде' Жоғарғы кеңестегі жұмысынан босап қалған, қазақ детективінің атасы Кемел Токаевты, сондай-ақ көрнекті прозаик Бердібек Соқпақбаевты Одаққа жұмысқа тартып, қамқорлық жасағанын ақын ағаның асыл қасиеті деп білемін.

Бір қызық жағдай болды. Жұбағаң Жазушылар одағының басшысы болып тұрғанда «отбасым үлкен еді, Жұбаға, сізден үй сұрай келдім» деп алдына барғаным бар. Айналым креслода айналып отырып, ағамның айтқаны «Жұрт сені Совминнен керемет үй алды деп жүр ғой» деп жымиды. Мен әңгімені әрі созбай кабинеттен шығып кеттім. Ағымнан жарылар болсам, алғашқы кезде ағамызға томпиып жүргенімді несіне жасырайын. Бірақ, кейін ақылға салып, пайымдап көрсем, ағанікі дұрыс екен, жағдайы менен де нашар жазушылар қаншама,-деп түйдім ойымды.

Міне, қазағымыздың мандайына басқан жалғыз Жұбаны, жарық жұлдызы енді тоқсанға келіп отыр. Уақыт өткен сайын бұрынғысынан да тұлғаланып, ел жадында жаңғырығып, жарқырай түсетін ұлылар санатына енген Жұбан Молдағалиев мәңгіліктің жолдасы. Оған болашақ сан ұрпақтың куә болары кәміл.

Жайласып жатыр ақырын,
Зал толы жырдың достары.
Тындамақ абзал ақынын,
Ардақты отандастары.

Ақын ше...
Ақын келмеді.
Бос күтті төрде бір орын.
Күмбірлеп залды кернеді,
Сөз алып сонда жыры оның.

Бұл Жұбағаңның Мұса Жәлел туралы поэмасының беташары. Тура бүгінгі таңда өзі туралы өзі айтып кеткендей

Өзі келмесе де ақын жыры күмбірлеп, залды кернеп тұр.

Ж.МОЛДАҒАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АҚЫНДЫҚ «МЕН» ТАБИҒАТЫ

Р.Б.Сұлтанғалиева
филология ғылымдарының кандидаты,
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің оқытушысы

Поэзияда ақындық, лирикалық кейіпкер кейде, тіпті көп жағдайда деуге де болады, «мен» деп, автордың өз атынан сыр шертіп отыратыны мәлім. Сондай «мендер» ақын шығармаларында аз емес. Оның бәрін ақынның өз басының тарихы немесе өзін дәріптеу деп ұғыну, әрине мүлде қате түсінік болар еді.

Мен дегенім – романтик, жыр достары,
Жиырмасыншы ғасырдың құрдастары.
Мен дегенім – октябрь түлеткендер,
Жайлағандар жайлау ғып нұрлы аспанды (1) , - деп түсінік береді.

Ақындық мен көптің ой тілегімен, көптің тағдырымен ұштасып, соған сүйене сөйлегенде ғана үлкен қоғамдық мән-мақсатқа, зор дауысқа ие бола алады, сонда ғана әсерлі, асқақ естіледі. Егер ақын «Туған жер» деген поэмасында :

Оқушым, сен де қабылда,
Сөйлесем «Мен» деп, сөкпе де.
Кеудеме кіріп дамылда,
Сырымды бүксем, өкпеле.

Өзіңсің, менің «Менім» де,
Өзіңсіз тұлмын, жетіммін.
Демім бар сенің демінде

Бір кесек жүрек етіңмін (1), - деп жырласа, бұл – ақынның азаматтық адал сыры, ақындық мұратын көрсетеді. Сонымен қатар ақын сол «мен» деген сөзді көбіне өзіне қатысты, өзі қатысқан, өзі куә болған жәйттердің төңірегінде ғана қолданады. Сондықтан ол бір жағынан өз биографиясынан да сыр шертеді. Әрине, ақындық биография тек мен арқылы ғана көрінеді деу сыңаржақтық болар еді. Сайып келгенде «мен» деген ақындық әдіс-тәсіл ғана. Жұртшылық үшін маңыздысы да ақынның жеке басының жәйттері емес, оның азаматтық тұлғасы, қоғамдық сыр-сипаты. Ал, бұлар қалай, қай әдіспен жазылса да, оның әр өлеңінен сол өлеңнің эстетикалық, көркемдік талғамынан, идеялық мұратынан танылып отыруға тиіс.

Ілгері ғана! – деймін мен,
Жүрісті үзбен.
Іздемен бақыт кейіннен,
Сүрлеуден, ізден.

Бір ауыз өлең болса да,
Алшаңдап тусын.
Бір аттар күшім қалса да,
Алға аттап тынсын! (1) – дейді ақын.

Ақындық мұрат-мақсат та осы өлең жолдарынан анық сезіледі. Алға қарай ұмтылған азаматтық әуен бір өлең арқылы ғана берілмей, әр жыр жолдарының өн бойынан көрініп отырады. Ақын жырларындағы қайраткерлік рух, асқақ мақсат анық сезіліп отырады. Жыр алыбы жырларының осы қасиетін көрнекті әдебиет зерттеушісі, белгілі ғалым З. Қабдолов өз сөздерімен былай сабақтаған: «Жұбан өлеңдерінің идеялық дәрежесі, көркемдік деңгейі әуелден жоғары, бұл ақын әуелден-ақ биік мақсатты, асыл мұратты нысана тұтқан» (2). Ғалым пікірі ақын өлеңдерінің идеялық мұратын айқын дәлелдеп берген.

Ақын лирикасы сан алуан тақырыпты қозғайды, сан түрлі арнада жырлайды. Көрнекті ақын М. Әлімбаев: «Жұбан Молдағалиев ликасы- мол дүние, әрі алуан сипатты сырлы жырлар» (3) - деп ақын лирикасының әр алуан қырларын атап көрсетеді.

Ал «Жесір тағдыры» атты поэмасында:

Мен әкесіз – жетім өстім,
Жоқ, дей алман, кетік өстім.
Түкірген жоқ бетіме ешкім,
Нысанаға жетіп өстім (1).

Бұл поэма жолдарынан азулы ананың, кеңестік құрылыстың арқасында ер жетіп, есейген намысшыл балғын жастың бейнесін елестетуге болады. Әйтсе де, «алақай, көкем келе жатыр» деп, алдынан шауып шыққан баласына астындағы атын түсіп берген әкені көргендегі балған көңілде әлдеқандай бір өкініш, нала пайда болған кейіпкердің үні естіледі.

ҰОС дәуірінің қайнаған отты жылдарында ақын қаламынан өзі туралы өлең жолдары да көптеп кездесіп отырды және ол арқылы ақындық кейіпкер мені шыңдала түскені анық.

Сөкпе мені, сұлуы ертеңгінің,
Құрбындай көр бір сәтке, бер теңдігін.
Тұңғыш жырлар дәптері өз алдына,
Шүберектей алаулап, өртенді үнім.

От ішінде сыналды жігіттік те,
Жас үмітті жүрдік біз түйіп түпке.
Винтовканы қолтықтап қыз орнына,
Бойдақ қанмен окопты жібіттік те (1).

Ақын поэзиясы ең алдымен, халық қызметшісі, үлгі-тәрбие беретін уытты ұстаз іспетті. Поэзия мені өсіп, өркендеп, ой сұлулығын да, бой сұлулығын да өзек ететіні анық. Ақынның қуанышы да, реніші де - өлең. Өмірі де сол. Ақындық мен де осы өлең арқылы танылады.

Демесем данышпанның бер салымын,
Сондай-ақ ғұмыр жасын жер шарының.
Ризамын тағдырыма, табыма да,

Тұрмын мен аясында дер шағымның (1), - деп ақын асқақтай жырлайды.

Ақын жырларындағы Отанды сүю тақырыбы биік дәрежеде жырланса, ол оның биік мақсатты ақын екендігін дәлелдейді. Ақындық «мен» арқылы да осы позиция айқын көрініп отырды. Академик ғалым С. Қирабаев «Туған республикамыздың құрдасы Жұбан бүкіл саналы өмірін Отаны мен отандастарының бақытты жолына арнады» (4) деп жазады.

Ақын:

«Ұлына Отан ана болса риза,

Мен оған өле-өлгенше ризамын» (1) деген өлең жолдары арқылы тағы да кейіпкердің мендік феномені айқындалған. Ақын Отанының, өз халқы алдындағы парызын өлең жолдары арқылы жеткізіп отырған. Туған ел, туған ана алдында мәңгілік қарыздар екендігін бір сәтке естен шығармаған. Ақындық парыз үні жыр жолдарымен кестеленген деп кесіп айта аламыз. Оны ақынның жыр жолдары айғақтайды:

Қарызбын гүлге де мен, күнге де мен.
Қарызбын күндіз бенен түнге де мен.
Қарызбын қара нанға, тұзға, сүтке...
Өтеймін қашан, қалай, кімге немен?

Жатады жылдар өтіп, жыл ескіріп,
Жүрсін тек парызымның үні естіліп.
Парыз да клеткадай, жүрегімдей –
Тұрады тамырға қан үлестіріп (1), – деп жырлайды.

Жалпы, Жұбан ақындығының бұл – айрықша бір белгісі. Отан алдындағы борышты сезіну, соны орындауға ұмтылу, өзін миллиондардың бірі деп ұғыну – егер лирикалық кейіпкер еңбекқор болса, әйтпесе өлеңмен, жырмен бақытты өмір тұрғызушылардың бірімін деп есептеу – егер лирикалық кейіпкер ақын болса – міне, осы ұғым-түсініктер ақынның көп жырының бір өзегі саналады.

Ақынның барлық өмір жолы – өлең-дастандарында. Ақынның кесіп айтқандары да – осы өлеңдерінде. «Поэзия – сұлулық. Бірақ сұлудың да естісі бар, есері бар. Біз есті сұлуға, ер сұлуға, еңсесі биік сұлуға қызығамыз. Бүкіл жалынын, бүкіл жастық қуатын,

ерке назын сақтай отыра поэзия есті сұлу, жан-жақты сұлу болуға тиіс» (1), - дейді ақын өз естелігінде.

Мен қазақпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім.

Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске

Айта бергім келеді, айта бергім (1), - деп ұран тастаған ақиық ақынның жауһар жырлары бүгінгі ұрпақтың, кемел болашақ иелерінің, биіктікті аңсаған, еркіндікті ту қылған қазақ жұртының өмірлік ұраны болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Молдағалиев Ж. Шығармалар жинағы. Үш томдық. – Алматы. Жазушы, 1979.
2. Қабдолов З. Биіктік пен тереңдік. // Орал өңірі. – 1980. – 4 қазан.
3. Әлімбаев М. Жұбанның жыр жиһаны. // Орал өңірі. – 1980. – 15 тамыз.
4. Қирабаев С. Азамат ақын. // Орал өңірі. – 1980. – 3 қазан.

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТІРЕГІ

А.Т.Батырханов
Батыс Қазақстан облысы
мәдениет басқармасының
бастығы

Құрметті конференцияға қатысушылар, қонақтар!

Ж.Молдағалиев – қазақ поэзиясындағы, әдебиетіміздегі ірі құбылыс. Ол -Оралдың ғана ақыны емес, қазақтың Жұбаны. Оны Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерліктерімен де, ерен істері, поэзиясымен де дәлелдеді. Өктем, озбыр ұлт өкілдеріне теңесу түгіл тура карай алмай қазақтың төменшектеген тұсында, мынау әлемге бар дауысымен. «Мен қазақпын!» деп жар салған, өзінің қазақ екеніне ашық мақтанған Ж.Молдағалиев болатын.

Ж.Молдағалиев маған - қазақтың ғана емес, адамзаттың Жұбаны тәрізді көрінеді де тұрады. Маған артық кемі солай! Алайда оны еске алып, түрлі ұрпаққа қажетті ұлағатты іс істеу құрметі Батыс Қазақстан, Орал өңірінің үлесіне тиіп отыр. Бұл бақыт! Үлкен бақыт! Өлшеусіз зор бақыт. Жұбан осы қасиетті топырақта туып өскен, оны өлердей сүйген, сүйсіне, шабыттана жазған. Жұбандай дара, дана перзент үшін біз әркез мақтанамыз және өскелең ұрпақтың да Жұбанмен мақтануына қажетті барлық игілікті істі жасап жатырмыз.

Естеріңізде болса Жайық өңірі Жұбан ақынның 2000 жылы 80 жылдық мерейтойына байланысты бірқатар шараларды атқарды. Ақын есімі туған ауылына берілді. Облыстық ғылыми-әмбебап кітапхана да Жұбан ағаның атын алды. 1937-1940 жылдары Жұбан Молдағалиев Орал қаласында оқып, мамандық алған ғимаратқа ескерткіш тақта орнатылды.

Сондай-ақ облыс орталығы - Орал қаласының қақ төрінде ақын ескерткішінің орнатылуы - жерлестерінің оған деген сүйіспеншілігінің кепілі екендігі анық.

Батыс Қазақстан Университетінің филология факультетінің үздік үлгерімге ие болған студенттеріне ақын атындағы стипендия белгіленді. Ақынның өмір жолын бейнелейтін телефильм түсіріліп, жерлестерінің естеліктері «Өлеңде де өмірде де Жұбан бүгін» деген атпен жинақ болып жарық көрді.

Ақын Жұбан Молдағалиев артына мәңгі өшпес рухани мұра қалдырды. Оның поэмалары мен өлеңдері екі том болып Оралдағы «Дастан» баспасы арқылы басылып, облыстағы барлық кітапханалар мен мектептерге таратылды. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция оздырылып, ақындар айтысы өткізілді.

Сол кезде ақынды еске алу шараларына қатысқан белгілі ақын Темірхан Медетбек орынды атап көрсеткендей, Ақ Жайықтағы ақын тойы үлгі-өнеге боларлық, айтып жүрерлік сәтті белгілерімен есте қалды.

Жұбан шығармаларын баспадан шығару тек сол жылмен шектеліп қалған жоқ. Өткен жылы облыс әкімінің қолдауымен Жайық өңірінің 10 ақын-жазушысының «Ақжайық қаламгерлері» сериясымен жарыққа шыққан әдебиеттердің алды болып Жұбан ағамыздың шығармалары «Мен-қазақпын» деген атпен жарыққа шықты.

Жұбан елінде, яғни Сайқұдық ауылында ақынға арнап «Тау тұғыры» орнатылса, аудан орталығы Ақжайықта ақынның толық бейнесі берілген ескерткіш орнатылды. Кеше ғана ақынның туған жерінде еске алу шаралары өткізіліп, сол елдің халқы үшін Сайқұдық дүр сілкініп, Ақжайық арқаланған күн болды.

Облыстық Халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен Жұбан Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толуына арналған еске алу шаралары аясында жас

жазба ақындардың арасында «Жайықтың Жұбаны» тақырыбында жыр-мүшәйрасын оздырса, бүгін кешке «Жыр-қыраны» тақырыбында поэтикалық кеш өткізбекші.

Он жыл бойы Жұбан Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-эмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен Жұбан Молдағалиевтың ұрпағына қалдырған мол мұрасын оқырмандар арасында кеңінен насихаттау мақсатында жыл сайын ақынның туған күніне орай дәстүрлі «Жұбан оқулары» оздырылады. Осы жылдар ішінде Жұбан жырларын оқуға 500-ге тарта әр түрлі жастағы оқырмандармен бірге, тілі бөлек, тілегі бір өзге ұлт өкілдері де қатысты.

Биыл бұл байқау оныншы рет өткізілуде. Байқаудың аясы жылдан-жылға үлкейіп келеді. Мұның өзі Жұбан Молдағалиев жырларының өміршеңдігін көрсетеді.

Ақынның 90 жылдығы биыл Ұлы Жеңістің 65-жылдығымен тұспа-тұс келді. Жұбан ақын сұрапыл Ұлы Отан соғысының ортасында болып, жеңіспен оралып, 43 жыл өмір сүрді, жеңісті жырлады. Оның сол жылдары жазған шығармалары қазіргі ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде үлкен мәні зор. Облыстық кітапхана Ұлы Жеңістің 65 жылдығы мерекесі тұсында қыран ақын, жасын - жігер, найзағай-намыс, ғибрат-ғұмыр иесі Жұбан шығармашылығына арнап «Жұбан-жауынгер» тақырыбында кеш өткізді. Кеште Ұлы Отан соғысының ардагері, ақынның майдандас жерлесі Бисен Жұмағалиев, 1945 жылғы алғашқы Жеңіс парадына қатысушы Иван Галич, жұбантанушы Жайсаң Ақбай қатысып, тстудент-жастар, Батыс Құраманың әсери бөлімшесінің сарбаздары алдында Жұбан ағамыздың қан майданда от кешіп жүрген кезде Отанға деген сүйіспеншілігінен, Жеңіске деген сенімнен туған өлеңдері жөнінде әңгімеледі. Кеш жас ұрпақтың ақын рухымен сырласуы десе де болады.

Облыстық кітапхана ақынның сонау 40-60 жылдары кітапхана қорына белгісіз себептермен түспей қалған басылымдарын Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қорынан электронды нұсқасын алдырып, оқырманға қауыштырды.

Жұбан шығармашылығын, оның азаматтығы мен қайраткерлігін насихаттаудың үздіктерін анықтау мақсатында облыс кітапханашылары арасында «Ел жадынан өшпейді Жұбан ақын» тақырыбында әдістемелік құралдардың байқауы өткізілді.

Сондай-ақ өздеріңіз күә болған кітапханада ақынның жеке жәдігерлерін жинақтаған «Жұбан бөлмесі» ашылып отыр. Қазір Жұбан шығармашылығы туралы облыстық кітапхананың Интернеттегі сайтында Жұбан Молдағалиевтың өмірі мен шығармашылығы, оның рухына арналған ақындардың өлеңдері, естеліктер, жеке фотосуреттерінен жасақталған арнайы бет ашылды. «Қазақ өлеңінің жырдариясы» тақырыбында биобиблиографиялық көрсеткіш шығарылды. Көрсеткіште 1939-1987 жылдар аралығында жазылған ақынның шығармалары мен ақын туралы естеліктердің библиографиялық жазбасы толық қамтылған. Көрсеткіш әдебиет зерттеушілеріне, әдебиетті сүйіп оқитын оқырман қауымға, ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне арналады.

Биылғы, яғни 2010 жылы “Бір ел-бір кітап” акциясы аясында қазақ елі болып оқуға Жұбан Молдағалиевтың «Мен-қазақпын» шығармасы таңдалды. Күні кеше ғана акция өз мәресіне жетіп бүкіл республика жұртшылығы «Мен-қазақпын» поэмасын оқыды. Акция аясындағы шаралар облыс кітапханаларында да өткізілді. Акцияда поэманы оқуға кәсіптік лицей, мектеп оқушылары, әскери сарбаздар, жоғары және арнаулы орындарының студенттері қатысты. Облыстық кітапхана мен Ақжайық ауданы кітапханаларында өлкетанушы Ж.Ақбайдың «Жұбан:Мен-қазақпын, биікпін, ерікті елмін» кітабының таныстырылымы өткізілді.

Жұбандай рухы биік ақын шығармасын таңдауда үлкен көрегенділік көрсеткен акцияны ұйымдастыру комитетінің төрайымы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі қоғам қайраткері, ақын Фариза Оңғарсынова бастаған ақын-жазушылар мен ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасы ұжымына Ақжайық елінің атынан ризашылығымызды білдіремін.

Мен Жұбан Молдағалиевтың мұрасын насихаттау, оны кейінгі ұрпаққа таныту бағытында істеліп жатқан жұмысты мәдени сала төңірегінде өрбіттім. Ал ақынның кіндік қаны тамған Ақжайық өңіріндегі жасалып жатқан қызметтер туралы айтуды ел азаматтарының өз еншілеріне қалдырдым.

Жұбан – оқырманы бар, әлі де небір ұрпақ өкілдері ерекше ілтипатпен оқитын ақын. Сөзімізді жерлесіміз, ақын Сағынғали Сейітовтің сөзімен айтсақ: «Жұбан артына өлмес-өшпес бай көркем дүние қалдырды. Жұбан мұрасы – келешекте де жұртшылық қадесіне аса беретін аса құнды мұра. Ол-жылдар озған сайын бүкіл бітім-болымысымен, мәнімен де, нәрімен де жарқырай түсетін асыл қазына».

Біздер, ақынның жерлестері еліміздің егемендегі мен тәуелсіздігін нығайтуға өз үлесімізді қосып, облыс тұрғандарының әлеуметтік жағдайын жақсартып, халықты жарқын болашаққа жетелеуді өзіміздің басты борышымыз деп есептейміз.

Ақын рухы алдында тағы да бас ие отырып, Жұбандай ұлы бар елдің мәртебесі әрқашан да биік болатынына біз сенеміз.

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Т. Жазықбай
ұстаз, Қазақстан Республикасы
Журналистер одағының мүшесі,
Ақжайық аудандық мәслихатының
депутаты

Жүрегін жырға бөлеп, көргені туған жер, үміті - өлең, мақсат, мұраты – Отан деп өткен Жұбан ақын 90 жасқа толып отыр. Жоқшылық көрген бала, соғыс көрген ер, жыр әлемін нұр әлемге айналдырған ақын, құйтұрқы қоғам құбылыстарына қарсы қайраткер бүгінде арамызда жоқ.

Елдікті жалау етіп жүре алатын,
Жалауын көріп жандар жұбанатын.
Тағдырдың бізге берген жалғызындай,
Жоқ бүгін арамызда Жұбан ақын,

-деуім де сондықтан. Біз ақынды осылай жоқтасақ, оның өлең өлкесіндегі қайталанбас қолтаңбасын мәңгілік үлгі тұтқан соң жоқтаймыз. Мен осы дүниені жазарда Жұбан туралы бұрынғы естеліктерді, пікірлерді қараудан бас тарттым. Себебі, Сәбит Мұқанов, Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов сияқты саңылақ қаламгерлердің ізіне түсіп кетуден қорықтым. Өз білімім мен дәлелдеулеріме сүйендім. Жұбан ақын «Мен қазақпын» дастанына бірден келген жоқ. Туған жерге деген махаббат, ұлтына деген ұлы көзқарас бала кезінен бастау алған. Шетсіз-шексіз қазақ жерінің иесіне мәңгілік берілуі, оның ғажайып кең ой өлшеміне өкшелес болғаны анық. Меніңше, ұлтжандылықты «ұлтшыл» деп бағалау соңғы бірер ғасырдың жемісі емес, бүкіл адамзат тудырған абыройсыз ұғым. Биліктегілердің ауызданған адами әлемі. Сөйтіп, Жұбан ұлтжанды ұлылығын ертерек байқатқан. Сөйтіп, балдәурен балалықтың тәтті шақтарында қайғысы - қаспақ, арманы бүгін киім болған бала Жұбанның дана Жұбанға айналуы оның өлеңдерімен дәлелденсе керек.

Елі бар бақ жұлдызы жанып тұрған,
Жері бар жаралғандай жарық нұрдан
Ер халқым көтерілші өн бойыңа,
Ғаламды таңырқатсын алып тұлғаң.
Ел болдың, еріктісің, күшің өктем,
Күзің - жаз гүл-жазира қысың көктем

«Қазақтың ұлымын» деп Европада,

Мен сені көкірегіме қысып өткем,-

дейді. Бұл өлең 1945 жылы жазылған. Сталиндік ұлы ілімдердің лениншіл жолы жарқырап жатқан тұста «қазақтың ұлымын» деп көкірек керуі астамшылықтың асқаны деп айтпасқа болмайды. Нағыз ұлтын сүйген адам осылай демеген де не деуі мүмкін! Сөйтіп, ақын астам сөйлей отырып ақыретте де айтқанынан қайтпайтындығын аңғартады.

Ұлтын сүю ұлылықтың белгісі. Бұл да Жұбан жырында. Туған жердің түп қазығы да Жұбан жырында. Кіндік қаны тамған жерін жырға қосу қай - қай ақынның да ар алдындағы азаматтық борышы болар. Бұл борышты кім қалай түсінеді? Қім қалай бағалайды? Ақынның жыр жинағына үніліп қарасақ 22 жасында жазған «Туған елге » деген жырында мынадай жолдар бар:

Сен есіме түскенде,

Құшағын анам ашқандай.

Жауыма қарсы өшпенде

Шабамын жаудан жасқанбай,

-деген тіркестер бүгінгі өлшеммен жалаң ұйқас болғанмен жадағай сөз емес. Туған жерге деген сағыныш сазы елітеді. Жүрегінен сағыныш сәулесі төгіліп, жанарынан құйылған жас жауға қарсы оқ болып шашырайды. Туған жер тылсым өлке оның қысы да, жазы да жадында жаңғырып жататыны жаңалық болмасы анық. Демек, Жұбанның да туған жерге қайта-қайта мойын бұра беруі адам өміріндегі қасиетті борышқа адалдық деп мойындағанымыз дұрыс. Борышқа адал болуды жадағай жалаулатпайды, жан -тәнің емірене ендіре білген. Ал түптеп келгенде туған жердің төсінде қазақ халқың, өз туған Отаның, өлең төсегің жатса керек.

Талқанын жаудың шығарған,

Өжет ері Отанның

Қаһарлы қайсар қаһарман

Момышұлы Бауыржан ол да қазақ баласы,-

сөйтіп, Исатай, Махамбет, Құрманғазы, ақын Сара, Біржан, Мұхит, кешегі күніренгей соғыста өткен Мәлік Ғабдуллин, Төлеу Әбдібеков, қазақтың қос жұлдызы - Әлия мен Мәншүк, Төлеген Тоқтаров, қазақтың тарлан ақыны Тайыр туралы тереңнен ой қозғауы, түптеп келгенде, қазақ халқының рухын асқақтатып адами әлемін әлдилеуді мұрат еткен. Қазақтың өткені мен бүгінде есімі алтын әріппен жазылар алып тұлғалардың болғаны анық. Соның бәрін тәптіштеп, тарихтың бетіне түсіруді ақындық қасиеттен емес, Жұбанның адамдық, азаматтық қасиетінен таптық. Сөйтіп,

Болды-ау деп уақыт аз-ақ тым,

Өкініп кейін аттандым.

Мен де бір қазақтың

Болғаныма мақтандым,-

деуі намысшыл, ер кеуделі, Отаншыл қазақтардың аз еместігін аңғартса керек. Өз ұлтын сүю,оның батырын «батыр» деп айту жасығын және жасырмау өр ақынның алдына қойған мақсатын айқындай түседі. Сөйтіп ол «Мен қазақпын» дастанына дейін-ақ батыр халық қазақты жыр етуден жасқанып көрген жоқ. Жөрегінде танылған талпыныс өз ұлтына деген өлшеусіз махаббат кейін ұлы дастанға айналды.

Жайып салдым сырымды, дос алдына,

От басында, өрісте, қос алдында.

Жан жүрегі көзінен көрінетін

Қазақ,- дедім,- отырған осы алдында,-

дегені дәлелді-ақ. Мейірбан, ақ көңіл, адалдығы аңқылдап тұратын қазақтың пейілін дәл осындай суреткерлік қалыпқа түсіру Жұбанның ғана қолынан келген. Шарт жүгініп шарифаггы да мойындап, діндар көрінген қазақ бар ма? Түзде ері, үйде әйелі қазақ деген

елдің әдет-ғұрпы осылай дегенді мойындаса да тап бас иіп кетпеген. Бірақ, әдептен аспаған, әліптің артын күткен. Ерін сыйлау, елін сыйлау қазақ әйеліне о бастан –ақ қанына сіңген қалып, дарыған дауа. Күннен көлеңке іздемейтін, түннен түн еді деп қашпайтын, табиғаттың төл баласы да қазақ. Жел сияқты еркіндікті сүйетін, аққу мен бұлбұл, аруана мен арғымақ, ерке елік бәрі-бәрі қазақтық тұрпатты танытса керек. Осындай кең қолтық, ақ пейілінен кейде пайда да таппайды. Қарауңгірлер сатып, сауысқан мен қарға қараулығын өткізіп кетеді. Осы сөзімді ақынның өз сөзімен дәлелдейін бе?

Шариғаттың шартынан үрке бердім,
Көргенім жоқ өмірге бір керегін.
Еркек болып сәлдені сыйламадым,
Әйел болып бетімді бүркемедім
Аққу,бұлбұл әнімен сылаң қақтым,
Сұлулыққа, өнерге сұғанақпын.
Сауысқан мен қарғадан жиіркенем,
Бірі сұйқылт, біреуі сұғанақ тым, -

десе, кей жерде

Даяшымын байекпін, ең кішімін,
Демесе кім «мен тақсыр,мен күштімін.»
Шоқпар боп та шекеме тимеген жоқ,
Жомарттығым, аңқылдақ сенгіштігім,-

солай жалғасып кете береді.

Жұбанның «Мен қазақпын» поэмасы көптеген шет ел тілдеріне аударылды. Олардың да сүйсініп оқитын, туған жерін, халқын мақтан етудің ғажайып туындысы - үлгісіне айналды. Дегенмен де «Мен өзбекпін », «Мен грузинмін» деп шаттанғандары болғанмен де дәл Жұбандай түпкі мақсаттарын айқындауға келгенде әр текті саясат ұстанды. Дара - дана суреткерлер әліптің артына қараса керек. Сананы сығымдаған, тіліңді тістеп сөйлейтін заман туды. Әсіресе, аз ұлттардың алмағайып саясаттың құрбандығына шалынуы эп – сәтте - ақ болатын. Ал, Жұбан дастанының астары ешқандай күдік тудырмайтын еді. Осы дастандағы арасында шумақ жоқ мына сегіз тармаққа көз жүгіртіп, ой салып қаралықшы.

Соң оқыдым, талайдан бұрын ұқтым,
Түннен күнге күрт басып бұрылыппын.
Бір бөлшегі болғаным қандай бақыт,
Россиядай, Лениндей ұлылықтың !

-дей келіп, эп – сәтте айналып түседі.

Ал бүгін ше ? Бүгін мен азаматпын,
Жаза алатын, ғылымды қаза алатын.
Жаза алатын дүниелік дастандарды
Жаза алатып тарихқа қазақ атын, -

деп түпкі мақсатына бір - ақ секіреді. Ғажап ! Қалай қызымырлансаң да ілігер ілік таппайсың. Сүрінетін жерге келгенде лып етіп қарғып өтер арғымақтың әккі қимылдары көз алдыңнан өтеді. Ал мұндай сақтықпен айтылған сан шумақтардан санамалап біраз мысалдар келтіруге болады.

Ақын осы «Мен қазақпын» поэмасында қазақтық қалпымыздың қазанында қайнаған бүкіл мінез - құлқымыз, әдет - ғұрпымыз, салт – дәстүріміз төңірегінде терең ой тербете білген. М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясында суреткерлік қалып қара сөзін құдыретіне табындырып әкетсе, осы поэмада жыр тілі ұлтымыздың болмыс - бітімін тағы да жайып салады. Демек, «Абай жолы» мен «Мен қазақпынның» арасында тартылыс күшіндей білінетін бірліктің барлығы аян. Әуезовтей ұлы дарынды тұлғаның Молдағалиевтей жыр

тұғыры болуы заңды құбылыс. Сөзіме көптеген дәлелдер келтіруге болады. Бірақ оны кейінге қалдырып тұрмын.

Ақынның туған елі туралы толғаныстары үлкен топтама. Ол күллі қазақ әлемімен тұтасып келеді. Баласы бар данасы бар, Жайығы бар жазығы бар, жаңасы бар жасығы бар, қаласы бар даласы бар, аңы бар ағашы бар – бәрі бәрі бірігіп келгенде - Жұбанның жерұйығы. Осы жерұйықта қазақ деген ұлттың ұланғайыр өніп - өскен ізі, қуаныш - қайғысы жатыр. Сан ғасыр тарихтың көне беттерінде көмескі із сақталса - ол қазақтың ізі. Қобыз сарынының қоңыр үнінде, домбыраның күмбірінде үн сақталса - ол қазақтың үні. Сөйтіп, жер- анада ізі қалған. Күннен жарық, айдан сәуле тараса нұрына алақан тосқан да қазақ. Соның бәрі кейінгі ұрпақ үшін, адам үшін.

Отырғыза кетейік ақ шыбықты,
Терек өссін ақ балтыр, ақ шұлықты.
Біз болмасақ қызығын ұрпақ көрсін,
Қызғанбайық адамнан жақсылықты,

-деп жан сырын жария етеді.

Қатпар - қатпар қалың, жазылмаған тарихтың жыры, еңселі елдіктің естісі, кезіндегі кемдіктің де көрінісі болған - қазақ. Қазағы - қазынасы, қазағы- маңдай тірер қазығы. Қуанышы да қазақ, қайғысы да қазақ. Батырлықтың да үлгісіне лайық қазақ. Даналықтың да, балалықтың да аясына сыйымды қазақ. Жалтаңдайтын да қазақ, талтаңдайтын да қазақ. Қит еткенге қызынатын да қазақ, бұлт еткенге бұзылатын да қазақ. Беруден алдына адам салмайтын да қазақ. Бүлінгеннен бүлдіргі алмайтын да қазақ. Көрінгенге көңілшек те қазақ, етектегіге еріншек те қазақ. Буынсыз жерге пышак салатын да қазақ. Сұрағанын алатын да қазақ. Жері үшін тірескен де қазақ. Желтоқсанда күрескен де қазақ. Айтқаныңды құп алатын да қазақ. Жұбан айтса жұбанатын да қазақ. Сөйтіп, абырой намыстың отын іздесең қазаққан ізде, Жұбаннан ізде.

Абыройын аршып жан даттатпайды,
Жұдырығы жылдамға жат батпайды.
Жығылу да күштіден күрес заңы
Қазақ бірақ басыннан аттатпайды.
Аттағанмен өлгенше алысады,
Болсын әлде болмасын арыс әлі.
Ер жігітке ең қымбат тірлік емес
Анасының сүтіндей намыс - ары, -

дейді. Ақынның ақ адал шындығына нанбай көр. Көріпкелдігіне күмән келтіре алмастығың анық. Сөйтіп, Жұбан жыры - әлемдегі қазақ деген елдің елшісі, әдемі айнасы. Жұбан жыры - ақиқаттың анық өлшемі.

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері, ақын Ж.Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толуына орай еске алу шаралары аясында өткен «Ақын мәртебесі-ел мерейі» ғылыми-тәжірибелік конференцияның

Ш Е Ш І М І

Орал қаласы

1 қазан 2010 жыл

Жайық өңірінің перзенті, ел тарихында биіктен көрінер ұлы тұлға, «қазақпын» деуге ұлтшыл атанудан қорқып, көбі жалпақтап жүретін заманда, «Мен қазақпын» деп жариялап келген, өмірде де, поэзияда да оңай жол іздемеген, қазақтың халық жазушысы, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, ақын Жұбан Молдағалиевтің туғанына биыл 90 жыл толуына орай еске алу шаралары аясында өткізілген «Ақын мәртебесі- ел мерейі» тақырыбындағы ғылыми –тәжірибелік конференция жұмысында оқылған баяндамалар мен секция отырыстарындағы ой-пікірлерді тыңдай келіп мынандай шешім қабылдады:

1. Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапхана ақынның шығармашылығын насихаттау бағытында жыл сайын дәстүрлі «Жұбан оқуларын» одан әрі өткізіп отыруды жыл сайын жоспарға енгізу
2. Кітапханада жасақталған **Жұбан бөлмесін** жаңа экспонаттармен толықтыру.
3. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің Ж.Молдағалиев атындағы «Жас қаламгер» бірлестігімен Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапхана тығыз байланыста жұмыс істеу.
4. Жұбан мұрасын зерттеу бағытында жұмыс істейтін жас ғалымдарға ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуді жетілдіру
5. Облыстық кітапхананың ғаламторындағы сайтында Ж.Молдағалиевтың өмірі мен шығармашылығы туралы құжаттардың электронды толық мәтінің берілуін одан әрі жалғастыру

Ақын мәртебесі - ел мерейі ғылыми-тәжірибелік конференция б а ғ д а р л а м а с ы

Конференцияны ұйымдастырушылар: Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы, Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми- әмбебап кітапхана

Конференцияға қатысушылар: жоғары және арнаулы орта орындарының ғалымдары мен оқытушылары, аудан әкімдерінің орынбасарлары мен аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушілері, облыстық, қалалық, аудандық кітапхана қызметкерлері, Жұбантанушы өлкетанушылар мен ақын-жазушылар, қоғамдық ұйымдар мен мекеме басшылары.

Өтетін орны : Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның концерт залы (Карев көшесі 47 үй, 2 қабат)

9.00- 9.30 Жұбан Молдағалиев ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімі

9.30 -10. 00 Конференцияға қатысушыларды тіркеу.

10.00 -11.00 «Жыры-інжу, рухы биік Жұбан ақын» тақырыбындағы кітап көрмесімен танысу

Жұбан залының ашылуы. (Кітапхана. 3 қабат)
11.00-13.00 Конференция жұмысының пленарлық отырысы

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ АШЫЛУЫ

Айдар Тапашұлы Батырханов – Облыстық мәдениет басқармасының бастығы

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

Серік Кенжебекұлы Сүлеймен - облыс әкімінің орынбасары

БАЯНДАМАЛАР МЕН СӨЙЛЕУШІЛЕР

- 1 Серікқали Ғабдешұлы. Шарабасов - филология ғылымының кандидаты , М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің профессоры
- Адамзаттың Жұбаны – ұлттық рухтың жыршысы
2. Жанна Кәкібайқызы Шаймұханбетова – Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры
- Оқитын ел – озық ел
3. Тілекжан Хасенұлы Рысқалиев – философия ғылымының докторы, Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік аграрлық-техникалық университетінің оқытушысы
- Жұбан жырларындағы философиялық иірімдер
4. Ақұштап Бақтыгереева – ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің төрайымы, Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының мүшесі,
- Жұбан жырларындағы әйел – ана образы
5. Қайрат Жұмағалиев - ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі
- Жұбан тұлғасы патриоттықтың үлгісі
- 6 Рита Бекжанқызы Сұлтанғалиева – филология ғылымының кандидаты, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің оқытушысы
- Жұбан Молдағалиев шығармаларындағы ақындық «Мен» синонимі
7. Айдар Тапашұлы Батырханов – Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасының бастығы
- Жұбан жырлары – ұлт мәдениетінің тірегі
8. Тілес Жазықбай - ұстаз, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Ақжайық аудандық мәслихатының депутаты
- Жұбан жырларындағы ұлттық бейненің қалыптасуы

13.00-14.30 Түскі үзіліс

14.30-16.45 Секциялық отырыстар

Секция : Жұбантану - өркениеттің шыңы.

Модераторлар : Жанна Кәкібайқызы Шаймұханбетова – Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры

Азамат Ыбырайұлы Мамыров - филология ғылымының кандидаты , М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

Пұсырманов Социал- зейнеткер, ұстаз

Базарғали Сәниұлы Қуатов – журналист Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі.

- Жұбантану мәселесі төңірегіндегі ойлар

Жанна Кәкібайқызы Шаймұханбетова – Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының Бас директоры

- «Бір ел – бір кітап» акциясы- оқуға тартудың бір тәсілі

Гүлсім Фазылқызы Қуанаева – Шыңғырлау аудандық кітапханасының
директоры

Роза Сәкенқызы Мусағалиева – Ақжайық аудандық кітапханасының
директоры

- « Мен –қазақпын» - ұлттық рухтың символы
Жұбан жырларын мәнерлеп оқу
- «Жұбан жырлары – ұрпақ жүрегінде»

16.45-17.00 Ғылыми-тәжірибелік конференцияның қортындысын шығару

«Бір ел-бір кітап» акциясындағы шаралардан көріністер



Ж.Ақбайдың «Мен-қазақпын: биікпін, ерікті елмін» кітабының таныстырылымы


Суретте: кітап авторы Ж.Ақбай,
Педагогика ғыл. докторы А.Қыдыршаев
Ж.Молдағалиев атындағы ОҒӘК
директоры Р.Исатаева



Осы кітаптың Ақжайық ауданындағы таныстырылымы



«Жұбан оқулары» байқауына 10 жыл.



«Бір ел-бір кітап» акциясы аясында Батыс Қазақстан облысы кітапханаларында өткізілген шаралар туралы ақпарат.

Биылғы жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министірлігі, ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасының бастамасымен «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында таңдалған Ж.Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасының ел болып оқылуы біздің облыс үшін үлкен қуаныш болды. Өйткені бұл шараға Ақжайық топырағында дүниеге келген ақынның 90 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келді. Соған орай Ж.Молдағалиевтың «Мен-қазақпын» поэмасын оқу мен насихаттауға байланысты облыс кітапханаларында көптеген шаралар өткізілді.

Ж.Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы 15 қыркүйек күні қаладағы зиялы қауым өкілдері және студенттер, БАҚ өкілдерінің қатысуымен жерлесіміз, жұбантанушы, өлкетанушы Жайсаң Ақбайдың «Жұбан: Мен-қазақпын, биікпін, ерікті ұлмын» кітабының таныстырылымын өткізді. Кешті педагогика ғылымының докторы, Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік аграрлық – техникалық университетінің кафедра меңгерушісі Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев ашып, «Танымдық тағылымы мол туынды» тақырыбында кітап туралы баяндама жасады. Бұдан кейін сөз алған облыс әкімінің кеңесшісі, республикалық дәрежедегі зейнеткер Б.Жұмағалиев, журналист, Жұбан Молдағалиевтың шығармашылығын терең білетін Б.Қуатов, зиялы қауым өкілдері Ә.Нұрғалиев, Қ.Тұрашев, Ғ.Хаймулдин т.б пікір айтса, жас ғалым, әдебиетші А.Ахметұлы кітаптың келер ұрпақ үшін құндылығына тоқталды. Сондай-ақ кеште «Жұбан оқуларының» жүлдегерлері, студенттер Х.Ғабсаттар мен Б.Зинешов «Мен-қазақпын» поэмасынан үзінді оқыды. «Жыры-інжу, рухы-биік Жұбан ақын» тақырыбында кітап көрмесі жасақталып, кітап мазмұны бойынша слайд көрсетілді.

Осындай шара Ақжайық аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен жерлесіміз, ақиық ақын Ж.Молдағалиевтің 90 жылдығына орай жарық көрген Жұбантанушы Ж.Ақбайдың «Жұбан: Мен – қазақпын, биікпін, ерікті ұлмын» және Б.Есқалиевтің редакторлығымен аудан көлемінде шыққан «Жайықтың Жұбаны» кітаптарының тұсаукесері өткізілді. М.Әуезов атындағы ОЖББ мектептің мәжіліс залында өткен айтулы шараға аудан әкімі А.Иманғалиев, аудан әкімінің орынбасары М.Жұматова аудан әкімінің орынбасары Б.Хайруллин, аудан әкімінің орынбасары Н.Рақымжанов, өлкетанушы Ж.Ақбай, Жәңгірхан атын. БҚТУ ұстазы, ғылым докторы А.Қыдыршаев, аудандық «Нұр Отан» ХДП филиалы төрағасының орынбасары С.Аймұқашев, аудандық мәслихат хатшысы Д.Жақсыбаев, сондай –ақ аудандағы білім ошақтары мен барлық мекеме басшылары, он сегіз округ кітапханаларының меңгерушілері мен аудандық кітапхананың кітапханашылары, «Муза» ШОО мүшелері қатынасты.

Акция аясындағы шараларды өткізу Облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарының кітапханасы да тыс қалған жоқ. «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында ұсынылып отырған шығарманы кеңінен зағип оқырмандар арасында дәріптеу мақсатында Жұбан Молдағалиевтің «Мен қазақпын» атты поэмасын дауыстап оқу ұйымдастырылды. Зағип оқырмандар үшін поэма «Мен қазақпын» бедерлі-нүктелі қаріп түрінде басылып шығарылып, оқырман қауым назарына ұсынылды. Сонымен қатар «Жыр шұғыласы» Жұбан Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толуына орай ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан байқау зағип оқырмандардың қатынасуымен өткізілді.

Байқаудың бірінші бөлімі Батыс өңіріне терең танымал, Жұбанды дүниеге келтірген киелі топырақ - Тайпақ өңірінде туып-өскен ақын жайлы сыр шерту үшін Жұбан ақынның көзін көрген жерлесі, інісіндей сырлас болған, қалың көпшілікке танымал журналист Қуатов Базарғалипен кездесу өткізіліп, Екінші бөлімі Жұбан ақын өлеңдерін мәнерлеп оқудан байқаумен жалғасты. Байқауға 11 үміткер қатысты. Байқау

қорытындысы бойынша жеңімпаздар жүлделі І-ІІІ орындар мен ынталандыру сыйлықтары тапсырылды. Жұбан Молдағалиев өлеңдерін мәнерлеп оқудың ең үздік шебері»- бас жүлде- «Гран- При» жүлдесі кітапхананың зағип оқырманы Рая Мукашеваға Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасынан директор орынбасары С.Кенжебаева тапсырды.

Аудандарда өткізілген шараларға тоқталатын болсақ, Бөкей орда ауданына қарасты ОКЖ—дегі аудандық кітапхана, Тайғара, Кеной, Жамбыл, Көктерек ауылдық кітапханалары кәсіптік лицей және мектеп оқушылары арасында «Мен-қазақпын» поэмасын мәнерлеп оқудан сайыс өткізсе. Орда, Саралжын, Мұратсай, Искра, Бисен ауылдық кітапханалары «Қазақ өлеңінің жырдариясы», «Ақын мәртебесі - ел мерейі», «Жүректе жарқын бейнесі» тақырыптарында кітап көрмелерін ұйымдастыры, «Өлмес өмір-өшпес жыр» тақырыптық кеш, «Тұлғалы ақын» әңгіме, «Жұбан оқулары кітапханада» апталық, «Жыр шұғыласы» поэзия кеші, «Жұбан жыры тербетеді» сайыс кештерін өткізіп, «Қазақ өлеңінің жырдариясы» папка, картотека жинақтап, әдебиеттеріне шолу өткізді.

Берлі ауданындағы барлық кітапханаларда акция бойынша кітап көрмелері жасақталды. «Өргелең өмір өшпес өнеге» атты кітап көрмесі Жарсуат, Пугачев ауылдық кітапханаларда жасақталса, «Қазақ елі - Жұбанды оқимыз» Аралтал ауылдық кітапханасында, «Халық поэзиясының алыбы» Қызылтал ауылдық кітапханасында ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды. Берлі жерінің жергілікті ақындарымен Ж.Молдағалиевтың мерей тойына арналған еске алу кеші 14- мамыр айында аудандық кітапханада оздырылды. Іс-шараға №4 мектептің 9-11 сынып оқушылары қатысып, Ақдәулетова Жанар, Хамитова Айгерім, Сейітова Фарида, Габдулов Әділ, Амангелді Айдар «Мен қазақпын» поэмасыннан үзінді оқыды. «Жүректе жарқын бейнесі» атты поэзия кеші өткізілді. Қалалық №3 мектеп оқушылары ақынның туған жерге арналған өлеңдерін мәнерлеп оқып берді. Жарсуат ауылдық кітапханасында «Айбынды азамат ақын» атты ауызша журнал «Кітап құмар» (5-6 сынып) клуб мүшелерінің қатысуымен өткізілді. Кеште Ж. Молдағалиевтың өмірбаянымен, шығармашылығымен таныстырылып, өлеңдері мәнерлеп оқылды Димитрово ауылдық кітапханасында «Жұбан жайықтағы қазақтың рухын көтерді» атты зерделі әңгіме жасөспірімдер арасында оздырылды. Қызылтал ауылдық кітапханасы жанындағы «Жыр жазамын жүрегіммен» атты әдеби клубының мүшелері және Қызылтал орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері арасында оқу марафоны өткізілді. Оқу марафонында «Мен қазақпын» поэмасын мәнерлеп оқыған оқушылар бағалы сыйлықтармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Тасқала аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде қыркүйек айының 15-і мен 25- аралығында «Жыр толғауы- Жұбан» атты онкүндік өткізілді. Онкүндіктің алғашқы күні аудандық кітапханада «Жыр арқауы-Жұбан» атты көрмеге шолу жүргізілді. Кітапханаға келген оқырмандарды көрмемен таныстырып, ондағы қойылған мәліметтер мен деректерге шолу ұйымдастырылды. Аудандық кітапхананың оқу залында аудандық «Жұбан оқулары» байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты - Ақжайықтың аса көрнекті ақиық ақыны Ж.Молдағалиев шығармашылығын оқырмандар арасына кеңінен насихаттау, ақын шығармалары негізінде өскелең жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеу, отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Байқауға қатысушы үміткерлердің орындаушылық шеберлігін арттырып, олардың Жұбан шығармаларын кеңінен меңгеруіне жол ашу. Байқауға 10 үміткер қатысты.

Аудандық кітапханада «Жұбан және желтоқсан» атты оқырмандар конференциясы өткізілді. Конференцияны мақсаты оқырмандар арасында Ж.Молдағалиев шығармашылығын кеңінен насихаттау, желтоқсан оқиғасындағы ақынның бейнесін баяндау.

Конференцияның ашылу салтанатында Қ.И.Сәтпаев атындағы орта мектептің 7 «а» сынып оқушылары ақынның өлеңдерін нақышына келтіріп орындады.

Кітапханашылармен қатар баяндамада сөз алған аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы, тарихшы Т.Қиясов көптеген мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, Жұбан ақынның желтоқсан оқиғасындағы сөйлеген сөздерін баяндап, оқырмандарға көптеген мағлұматтар берді. Конференция барысында ақынның өмірі туралы деректі фильм көрсетіліп, «Жыр арқауы-Жұбан» атты кітап көрмесіне шолу жүргізілді. Жарыссөзге түскен оқырмандар қауымы ақынның өлеңдерін оқып, өздерінің көзқарастарын білдірді. Сондай-ақ «Бір ел-бір кітап» акциясы мен Ж.Молдағалиевтің 90 жылдығы тұспа-тұс келуіне орай кітапханашылардың кәсіби-іскерлік қабілеттерін дамытуға арналған кітапханашылардың аудандық «Үздік Жұбантанушы» байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты- ақын шығармашылығына тереңірек үңілу, кәсіби-іскерлік қабілетті шыңдау болды.

Байқауға аудандағы 27 кітапханадан 21 кітапханашы қатысты. Байқау барысында кітапханашылар ақынның 1 өлеңін жатқа айтып, блиц-сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ Ж.Молдағалиев шығармашылығына арналып өткізілген ісшаралардың бағдарламаларын қорғау, яғни әрбір кітапханашы өзінің іскерлік шеберлігін көрсетті. Байқаудың қорытындысы бойынша «Үздік Жұбантанушы» атағын, I орынды Қ.Бақтыгереева /ақтау ауылдық кітапханасының кітапханашысы/ II орынды М.Жұмашева /Шежін/, III орынды Б.Есбол /аудандық кітапхананың абонемен бөлімінің кітапханашысы/ иеленді. Сонымен қатар «Мен қазақпын» поэмасын мәнерлеп оқығаны үшін Н.Балагулова /Талдыбұлақ ауылдық кітапханасының кітапханашысы/, блиц сұрақтарға жақсы жауап беріп,өзінің біліктілігін көрсеткені үшін А.Каналиева / Белугин ауылдық кітапханасының кітапханашысы/, өзінің мол тәжірибесін ортаға салғаны үшін А.Зайнуллиналар /Оян ауылының кітапханашысы/ көзге түсіп, марапатталды. Осы онкүндік аясында барлық кітапханаларда Ж.Молдағалиев шығармашылығына арналған папкалар жинақталып, газет-журналдар беттеріне мақалалар жазылды. «Бір ел-бір кітап» акциясын насихаттау ауылдық кітапханаларда өз жалғасын тапты.

Жәнібек аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты кітапханаларда «Жыр алыбы Жұбан» көлемді көрмелер жасақталып, шолулар жасалды. Тау ауылдық кітапханасында «Жұбан ақын – мәңгі тұлға», Ақоба ауылдық кітапханасында «Жыр арқауы - Жұбан», Қамысты ауылдық кітапханасында «Ақынға қарап елін таны», Борсы ауылдық кітапханасында «Жұбан жыры болашаққа барады, намыс отын жүректерде жандырып» т.б шаралар өтті

Аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Балдәурен» демалыс лагерінде «Мен –қазақпын,желдей еркін, түздей кең таңдай азат!» атты поэзиялық кеш оздырылды. Кештің мақсаты: Жұбан Молдағалиевтің өмірі мен тағылымдарын тану, ақын бейнесі арқылы ұлтжандылыққа,елін, жерін, туған отбасын сүюге тәрбиелеу. Кеш барысында ақынның өміріне,шығармашылығына тоқталып, ақын қаламынан «Нұрлы жол»,«Қиял қанаты», «Қызыл галстук», «Мен- қазақпын»,«Айттым сәлем», «Жесір тағдыры», «Байқоңыр баспалдақтары» т.б өлеңдерін оқырмандар оқыды.

Акция аясында жерлес ақынымыз Ж.Молдағалиевтің шығармашылығын насихаттау мақсатында Зеленов аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде әр түрлі шаралар өтті.

Аудандық кітапханада Ресейдің Озинки муниципалды ауданы мәдениет өкілдерінің қатысуымен «Жұбанның өшпес дарыны» атты әдеби-сазды кеш өткізілді.. Шараның негізгі мақсаты: Жұбан шығармашылығының достастық тұстарын көрсету еді.

Шараның басында Жұбан Молдағалиев бейнесіндегі оқырман ақынның атынан өмірбаяны жөнінде монолог оқыды. В.Савельевтің «Ақынды еске алу» өлеңін кітапхана оқырманы Е.Кужумов оқыған кезде көрермендер еріксіз көздеріне жас алды.

Жүргізушілер балалар және жасөспірімдермен жұмыс әдіскері А.Бердалиева мен қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Л.Б.Ишкулова ақынның жарты ғасыр бойғы шығармашылық жолына қысқаша тоқтала отырып, оның орыс, украин, татар тағы да басқа халықтарға деген достық, бауырластық сезімін көрсететін өлеңдерінің мәнін аша

түсті. Кеш барысында АМУ-нің қызметкері Ғизатов Аслан домбрамен күй ойнап, күй сазымен ПОМ-нің 10- сынып оқушылары Қабиева Дина, Мендалиев Рустам, Фролов Алексей, Бондаренко Катялар ақынның «Мен қазақпын», «Жыр туралы жыр», «Жесір тағдыры» поэмаларынан үзінділермен қатар, «Есенинді оқығанда» өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп оқыды. Ақынның көптеген өлеңдеріне ән жазылған. АМУ-нің директоры М.И.Жолбаевтың орындауындағы «Еділ-Жайық» әні, АҚ-ның вокалды тобының орындауындағы «Ана» әні мерекені әрлей түсті. Шараны «Мен қазақпын» поэмасын сахналап және осы поэма негізінде жазылған Е.Құдайбергеновтің рэп сазына Қ.Аманжолов атындағы ЖББМ оқушылары Ғ.Мамбеталиев пен Б.Сансызбаев брэк биімен қорытындылауы ақын шығармаларының өміршендігін көрсетеді.

Шарадан соң сөз алған Реседен келген қонағымыз С.А. Баланеско өтіп отырған шараның ұнағандығын, жалпы «Бір ел – бір кітап» акциясының ұйымдастырылуы өте онды іс екендігіне тоқтала келе, өз елінде де осындай акция түрін ұйымдастыру керектігі туралы ойымен бөлісті. Сондай-ақ ол орайы келген шараларды бірлесіп өткізуге ой тастады.

Сырым аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты аудандық кітапханада № 19 кәсіптік мектеп және мектеппен бірлесіп «Қыран жырдың қанаты» атты сайыс өткізілді. Сайысқа 10 жасөспірім үміткер қатысып, 1 шарт «Мен - қазақпын» өлеңін жатқа айтып, 2 шарт « Мен Жұбанды жырлаймын» ақынға арналған өлеңдерді мәнерлеп оқу, 3 шарт «Жыр додасы» - ақын өлеңдерінің бастапқы шумағы оқылғанда әрі қарай жалғастырып жатқа айту сындарынан өтіп, «Мәнерлеп оқу шебері», «Үздік оқырман» атты номинациялармен марапатталды. Құспанкөл ауылдық кітапханасында «Мен Жұбанды оқимын» атты әдеби кеш өткізілді. Кешке 19 балалар қатысты. Балалардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін нығайтуда ақынның туған жерге жазылған дастандары мен очерктері оқылды.

Сондай-ақ барлық кітапханада «**Мәңгілік қазақ, мәрт ақын**» поэзия күндері өтті. Шара барысында оқырмандарға ақынның өмірі мен шығармалары туралы мағлұмат беріліп, оның ерлік туралы, отанға деген сүйіспеншілік, туған жер мен елге деген сағынышқа толы өлеңдері, лирикалық жырлары туралы баяндалды.

Шыңғырлау ОКЖ кітапханаларында Ж.Молдағалиевтің туғанына 90 жыл толуына орай және «Мен-қазақпын» поэмасын насихаттау мақсатында Жіңішке ауылдық кітапханасында «Жұбанды оқып, танып біл», аудандық орталық кітапханасында «Жасампаз заманның дауылпаз жыршысы», аудандық балалар кітапханасында «Қазақ өлеңінің жырдариясы», Қайыңды ауылдық кітапханасында «Ақиқатын айтқан айбарлы ақын», Ақсуат селолық кітапханасында «Асқақ рухтың иесі», Лубен ауылдық кітапханасында «Жайықтың өшпес жарқын жұлдызы» атты кітап көрмелері ұйымдастырылып, шолу өткізілді. Ақсуат ауылдық кітапханасында өткізілген «Я казах! Могуч в своих степях...», «Жұбан ақын ерлігімен жыр кісі» атты әңгімеде ақын, көрнекті қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің қазақ әдебиетіндегі мәртебесі әрқашан да биік екендігі және ақынның келер ұрпаққа өшпес бай көркем мұра қалдырғандығы туралы айтылды. Шараның мақсаты: ақынның өмірі мен шығармашылығымен таныстыру, асқақ рухты шығармаларын насихаттай отырып отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру.

Белогор селолық кітапханасында өткізілген «Отан деп соққан жүрегі» атты әдеби кеште Ж.Молдағалиев қазақ әдебиетіне өзіндік үн, нақыш әкелгендігі және «Мен-қазақпын» поэмасы қазақ халқының тағдырын тұтас танытуға құрылған құнды туынды екендігі айтылды. Кеште ақынның өлеңдерімен қатар, оған арналған өлеңдер оқылды. Сондай-ақ акция қатысты шаралар Жаңақала, Қаратөбе, Казталовка аудандарында да өтті.

Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының “Бір ел – бір –кітап” акциясы шеңберінде , ақын Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығы жайында “Жасдәурен балалар кешенінің тәрбиеленушілерімен кітапхана қабырғасында және Облыстық отбасы үлгісіндегі балалар аулында оздырылды. Шаралар ақынның сөзіне жазылған жасөспірімдердің сүйікті рэп-әншісі Ерболат Құдайбергеновтың “Мен

қазақпын» атты рухты музыкалық әнімен ашылды. Шара Балалардың құқықтарын қорғау департаментімен бірлесе ұйымдастырылды. .

Бір ұлттың атынан әнұранға пара-пар поэма жазған, ең алдымен ақындығымен, азаматтығымен, қайсарлығымен талайды тәнті еткен біздің өлкеміздің мақтанышы жерлес ақынымыз Ж.Молдағалиевтің шығармаларын насихаттауға арналған іс-шаралар одан әрі қыркүйек айында жалғасатын болады..

Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапхана 21 қыркүйек күні Батыс құраманың 5515 бөлімшесі сарбаздарымен «Бір ел-бір кітап акциясы, ҚР халықтары тілдері мерекесі және ақын, қайраткер, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері Ж.Молдағалиевтың туғанына 90 жыл толуына орай еске алу шаралар аясында «Қазақ тілі мен сен үшін мақтанам» тақырыбында шара өткізді.

Шарада сөз алған Ж.Молдағалиев атындағы кітапхана директорының орынбасары Сара Көшәліқызы кітап оқудың мәртебесін көтеру мақсатында жыл сайын республика көлемінде «Бір ел-бір кітап» акциясы ұйымдастырылып келе жатқандығын айта келіп, алғашқы үш жылда Абайдың «Қара сөздері», М. Әуезовтың «Қилы заманы», М. Жұмабаевтың лирикалық жырлары насихатталса, биыл қазақтың ақиық ақыны, жерлесіміз Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын» поэмасы насихатталып жатқандығына тоқталды

Шараға ақынның замандастарының бірі, запастағы офицер, көп жылдар Алматы қаласында тұрған, Қазақстанның ағарту ісінің **үздігі Социал Пұсырманов** қатысып, Жұбан Молдағалиевтың шығармашылығы туралы әңгімеледі.

Сарбаздар «Қан басқан қағаз», «Қазақ тілі» өлеңдері мен «Мен-қазақпын» поэмасынан үзінді оқыды. Шараны Батыс құраманың идеологиялық қызметкері Ш.Мендіғалиев қортындылады. Облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен 23 қыркүйек күні Орал газ, мұнай және салалық технологиялар колледжінде «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында ақын Жұбан Молдағалиевтың «Мен-қазақпын» поэмасын оқуға байланысты кеш ұйымдастырылды. Кеште «Мен-қазақпын» поэмасы оқылып, ақын сөзіне жазылған композиторлардың әндерін колледж студенттері қатысты

Қазақстан журналистер Одағының мүшесі, байырғы журналист Базарғали Қуатов ақынның өмірі, шығармашылығы, кездескен сәттері туралы ойларын студенттерге айтты.

2010 жылдың 24 қыркүйек күні Акция аясындағы шара қаладағы Қазақ-түрік лицейінде жалғасты. Кешті лицей директорының орынбасары Кенжалиева Ботакөз Сағындыққызы құттықтау сөз сөйлеп алғысын білдірді. Поэзия кешінде Гарифуллин Алишер «Ана туралы баллада», Зайтлесов Аслан «Хатшыға хат», Сансызбаев Жандос «Жағанда тұрмын Жайығым», Қабылсихов Ерлан «Білем білген бір қазақты» өлеңдерін және басқа да лицей оқушылары «Мен-қазақпын» поэмасынан үзінділерді жатқа оқыды.

28 қыркүйек күні №34 қазақ гимназиясының акт залында Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасымен бірлесіп мектептің кітапхана қызметкерлері ақын Ж.Молдағалиевтің туғанына 90 жыл толуына орай және «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында кеш оздырылды. Бұл кеште ақынның «Сенемін адамға», «Түсімде көрдім анажан», «Тайпақ деген жерім бар», «Мен қазақпын» атты өлеңдерімен мен поэмалары оқылды.

Мектептің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Бердіғалиева Раухан Жылқыбайқызы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы оқушыларға таныстырып өтті. Ақын А.Бақтыгерееваның «Ерлікті көзбен көрген күн» атты өлеңін 7-сынып оқушылары Құлманов Ұлағат пен Құрмашев Арман оқыды. Бұл кеште облыстық кітапхана қызметкерлерінің күшімен ақынға арналған кітап көрмесі мен слайд ұйымдастырылды.

Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапханада 1 қазан күні өткізілген республикалық «Бір ел –бір кітап» акциясын қортындылау және Алаштың ақыны Жұбан Молдағалиевтің туғанына 90 жыл толуына байланысты еске алу шаралары аясында ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен басталған мерекелік шараларға қатысушылар кітапханадағы «Жыры - інжу, рухы - биік Жұбан ақын» атты кітап көрмесін аралап, сондағы рухани жәдігерлермен танысты.

«Жұбан залының» ашылуын тамашалады. Залдың лентасын ақынның жары София Мәлікқызы мен қала әкімі Самифолла Хамзаұлы қиды. «Ақын мәртебесі-ел мерейі» атты ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына ақынның жары София Мәлікқызы балалары Қуандық-Сағадат, және Азамат-Айгүл облыс әкімінің орынбасары Серік Кенжебекұлы Сүлеймен, Қазақстан Республикасы кітапханалар ассоциациясының төрайымы, тарих ғылымының кандидаты Роза Аманғалиқызы Бердіғалиева, Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының қызметкерлері, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің төрайымы Ақұштап Бақтыгереева, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғалымдары Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов, Азамат Ыбырайұлы Мамыров, Рита Бекжанқызы Сұлтанғалиева, Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдары Тлекжан Хасенұлы Рысқалиев, Абат Сатыбалдыұлы Қыдыршаев, Жұбан ағамыздың замандастары республикалық дәрежедегі зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагері, облыс әкімінің кеңесшісі Бисен Жұмағалиев, өлкетанушы, Жұбан Молдағалиев туралы жақында жарыққа шыққан «Жұбан: Мен-қазақпын, биікпін, ерікті ұлмын» кітабының авторы Жайсаң Ақбай және басқада ел ағалары, облыс, қала мекемелерінің басшылары, ақын-жазушылар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушілері, аудандық кітапхана директорлары, жоғары және арнаулы оқу орындарының оқытушылары мен студенттері, қала орталығындағы кітапхана қызметкерлері қатысты «Ақын мәртебесі-ел мерейі» тақырыбындағы конференцияны облыстық мәдениет басқармасының бастығы Айдар Батырханов ашты.

Сонан соң облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлеймен құттықтау с-з сөйлеп, жерлес ақын мерейтойының Ақ Жайықтың рухани-мәдени өміріндегі айрықша маңызын атап өтті. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың профессоры Серікқали Шарабасов «Адамзаттың Жұбаны - ұлттық рухтың жыршысы» атты баяндамасында ақын өлеңдеріне терең талдау жасады. Ғалым-оқытушымен бірге сол жоғары оқу орнының студенттері де ақын өлеңдерін мәнерлеп оқып берді. Ал Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың профессоры, философия ғылымдарының докторы Тілекжан Рысқалиев ақын өлеңдерінің пәлсапалық астарына көңіл аударды. Жерлес ақын Қазақстан Жазушылар одағы облыстық бөлімшесінің төрайымы Ақұштап Бақтыгерееваның «Жұбан жырларындағы әйел-ана бейнесі» атты баяндамасы қағазға шұқшиып оқымағандықтан баяндамадан гөрі жүрек тебіренісіне көбірек ұқсады.

- Жұбан ағамыз, - деді ол шын мағынасындағы ұлтшыл еді. Өле-өлгенше сонысы айнымай кетті. Соңынан қалған біз әлі күнге дейін ұлтшыл бола алмай келеміз. «Ұлтшыл» деген сөзден қорқамыз ба, қалай өзі?! Оның сонау жылдары «Мен-қазақпын!» деп айдай әлемге жар салуының өзі төтен ерлік. | Меніңше, оның есімі «Халық Қаһарманына» әбден лайық. Бұл - енді келешек ұрпақты еншісіне тиер іс. Жұбан атындағы ауыл мектеп тек Ақ Жайық өңірінде емес, Астана мен Алматыда да жарқырап тұруы тиіс.

«Оқитын ел-озық ел» тақырыбында баяндама жасаған Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының ғылыми –талдау Орталығының жетекшісі Маржан Валиулина баяндама жасап, «Бір ел-бір кітап» акциясының маңыздылығына, Жұбан ағамыздың «Мен-қазақпын» поэмасын ел болып оқуға таңдалуының мәніне тереңірек тоқталды.

Конференцияда сондай-ақ өзге де баяндамалар тыңдалды Бұдан басқа жиын барысында ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты түрлі суреттерден слайд көрсетілді. Конференция жұмысы «Жұбантану-өркениеттің шыңы» тақырыбындағы секциялық отырыспен жалғасты. Секцияда кітап оқу проблемасы мен жұбан шығармашылығының зерттелуі туралы ҚР Ұлттық академиялық кітапхана қызметкерлері Б.Қарақыз, М.Валиулина, ҚР кітапханалар қауымдастығының төрайымы Р.А.Бердіғалиева, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің магистрант-оқытушысы А.Ахметұлы, Жұбанның замандасы С.Пұсырманов, Ақжайық, Шыңғырлау аудандық кітапханаларының директорлары Р.Мусағалиева мен Г.Қуанаевалар өз пікірлерін білдірді. Конференция

жұмысының қортындысы бойынша арнайы шешім қабылданды. Конференцияны және «Бір ел-бір кітап» акциясын ұйымдастырудағы белсенділіктері үшін бір топ облыс кітапханашылары ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен ҚР кітапханалар қауымдастығының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сондай-ақ, Жұбан шығармаларын оқырмандар арасында насихаттауда облыс кітапханашылар арасында «Ел жадынан өшпейді – Жұбан ақын» атты әдістемелік құралдар байқауы ұйымдастырылған болатын. Бұл байқаудың мақсаты Жұбан шығармаларын насихаттау, түрлі көпшілік шаралардың жаңа бағыттағы жобасын енгізу, кітапханашылардың кәсіби шеберліктерін шыңдау.

Конференцияның секциялық отырысында бұл байқаудың қортындысы жарияланып, жүлделі орындармен марапатталды. Атап айтсақ, Бас жүлде Ақжайық ауданына, I орын – Сырым ауданына, II орын – Теректі ауданының Ақсоғым ауылдық кітапханасына, III орын – Зеленов ауданының Зеленый ауылдық кітапханасына берілді. Қалған қатысқан аудандар алғыс хаттармен марапатталды. Бұл байқаудың ерекшелігі ауылдық кітапханалардың кітапханашылары да қатысып, өздерінің жұмыстарын тапсырды. Облыс бойынша 62 жұмыс тапсырылып, сарапқа салынды. Алдағы уақытта тапсырылған жұмыстардың ішінен ең таңдаулыларын алып, Жұбан туралы іс-шаралардың жобаларын көмекші құрал ретінде басып шығару жоспарлануда.

Ақынның шығармашылығын және «Бір ел-бір кітап» акциясы аясында «Мен-қазақпын» поэмасын насихаттау бағытындағы шаралар Жұбан Молдағалиевтің туған күні қарсаңындағы дәстүрлі «Жұбан оқулары» байқауымен аяқталды.

Киелі Ақжайық топырағынан нәр алып, қияға қанат қаққан, поэзия әлемінің биік шындарын бағындырған, өр дауысты, айбынды ақын, аяулы жерлесіміз Жұбан Молдағалиевтің ұрпағына қалдырған мол мұрасын оқырмандар арасында кеңінен насихаттау мақсатында 2001 жылдан бастап, ақынның кітапханаға есімі берілгелі бері, жыл сайын ақынның туған күніне орай дәстүрлі “Жұбан оқулары” байқауы Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық кітапхананың ұйымдастыруымен өткізіліп келеді. «Жұбан оқулары» биыл 10-шы рет өткізіліп отыр.

Жұбан жырларын осы 10 жыл ішінде 500-ге тарта еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін оқып, осы шараның қатысушылары болды. Осы оқу отбасы мүшелерінен бастап өзге ұлт өкілдері арасында да өткізілді.

Биылғы байқау облыстық деңгейде болғандықтан бұрынғы байқаудан өзгешелеу болды, яғни ақынның өлеңдерін жатқа мәнерлеп оқумен қатар, оның өмірі мен шығармашылығын кейінгі жас ұрпақ тереңірек білсе деген талапта қойылды. Сонымен қатар ел болып оқуға таңдалған «Мен-қазақпын» поэмасын жатқа білуде бүгінгі талапкерге қойылып отырған шарттың бірі болса, ақындардың Жұбан рухына арналған өлеңдерін білуі де бүгінгі байқаудың талабы. Байқау мынандай шарттардан тұрды

- **Жыр саған туған жер»** айдарында байқауға қатысушы Жұбанның бір өлеңін ой кестесіне сай көркемдеп оқиды, жүріс тұрыс мәдениеті, өзін сахнада ұстауы үлгілілік дәрежеде болуы тиіс.
- **«Жыр додасы»** айдарында үміткерлер «Мен қазақпын» поэмасын жатқа толық білуі шарт. Үміткерлер конверт суыру арқылы, конвертте берілген поэманың кез-келген шумағынан әрі қарай жалғастырып оқу керек;
- **«Жұбан рухына арналған жырлар»** айдарында үміткерлер танымал ақындардың Жұбанға арнап жазған өлеңдерін конверт суыру арқылы таңдап жатқа оқып беру керек. (конвертте авторы мен өлеңнің тақырыбы көрсетіледі)
- **«Біз білетін Жұбан ақын»** - сұрақ-жауап ойыны. Бұл «Ғасыр көшбасшысы» ойынындағы «Жорға» ойыны сияқты. Үміткер 1 минут ішінде Жұбанның өмірі мен шығармашылығына қатысты 10 сұраққа жауап беру керек. Байқауға қатысушыларға байқаудың әр шарты бойынша 1-5 аралығында балл қойылады, ал төртінші шарты бойынша әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.

«Жұбан оқулары» байқауына 12 ауданнан 12 үміткер қатысты. Байқауға қатысушыларға ақын-жазушылар мен жұбантанушы ғалымдардан құралған әділқазылар алқасының мүшелері әділ бағаларын беріп, жеңімпаздарды марапаттау ақын ескерткіші жанында ақынның туған күніне орай 5 қазан күні ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен және Жұбан жырларын оқумен жалғасты.

«Жұбан оқулары» облыстық байқауының нәтижесінде Ақжайық ауданынан Кухаев Біржан Амангелдіұлы, Қаратөбе ауданынан Нұрсейітова Назерке Бисенғалиқызы I орынға, Казталов ауданынан Мұхамбетқалиева Әсем Әділғалиқызы II орынға, Зеленов ауданынан Жұмабаева Назерке Ыбырайқызы III орынға ие болды, сондай-ақ байқауға қатысушылардың барлығына «Алғыс хат» пен ескерткіш сыйлықтар табыс етілді.

Байқау қортындысына арнайы жерлес ақын, Қазақстан Жазушылар Одағы Батыс Қазақстан облыстық бөлімшесінің төрайымы Ақұштап Бақтыгереева қатысып, ақын туралы өз лебізін білдірді. Шараға №2 Ж.Молдағалиев атындағы орта мектептің оқушылары мен «Қарылғаш» балалар бақшасының тәрбиеленушілері қатысты.

“Бір ел бір кітап” Акциясы аясында Жұбан Молдағалиевтің «Мен-қазақпын» поэмасын оқуға облыста 480-ге тарта түрлі шаралар өтіп, оған 10500-ге жуық оқырман қатысты. Мұның өзі елімізде төртінші рет өткізілген Акция кітап оқитын оқырман қатарын көбейтуде өз нәтижесін бере бастағанының айғағы.

Жұбан шығармашылығын насихаттау үшін кітапханашыларға көмек ретінде «Қазақ өлеңінің жырдариясы» атты биобиблиографиялық құралды және «Қас-қағым сәт» фото-суреттер жинағын облыстық кітапхана дайындады.

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ

С.К.Сүлеймен.....

АДАМЗАТТЫҢ ЖҰБАНЫ –ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ЖЫРШЫСЫ

С.Ғ.Шарабасов.....

ОҚИТЫН ЕЛ –ОЗЫҚ ЕЛ

М.Б.Валиулина

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИІРІМДЕР

Т.Х.Рысқалиев

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ-АНА ОБРАЗЫ

А.Бақтыгереева.....

ЖҰБАН ТҮЛҒАСЫ ПАТРИОТТЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Қ.Жұмағалиев.....

Ж.МОЛДАҒАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АҚЫНДЫҚ «МЕН» ТАБИҒАТЫ

Р.Б.Сұлтанғалиева.....

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТІРЕГІ

А.Т.Батырханов.....

ЖҰБАН ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Т.Жазықбай.....

КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОРТЫНДЫСЫ.....

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ.....

«БІР ЕЛ- БІР КІТАП» АКЦИЯСЫНЫҢ ҚОРТЫНДЫСЫ.....